

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне міндетті және өзара сақтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы"
Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 26 қарашадағы N 1088 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне міндетті және өзара сақтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Жоба

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

З а ң ы

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне міндетті және өзара сақтандыру мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мынадай заңнамалық актілеріне толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

1. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1994 ж. 27 желтоқсанда қабылдаған Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне (Жалпы бөлім) (Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 23-24 (қосымша); 1995 ж., N 15-16, 109-құжат; N 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 187-құжат; N 14, 274-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 1-2, 8-құжат; N 5, 55-құжат; N 12, 183, 184-құжаттар; N 13-14, 195, 205-құжаттар; 1998 ж., N 2 -3, 23-құжат; N 5-6, 50-құжат; N 11-12, 178-құжат; N 17-18, 224, 225-құжаттар; N 23, 429-құжат; 1999 ж., N 20, 727, 731-құжаттар; N 23, 916-құжат; 2000 ж., N 18, 336-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 1, 7-құжат; N 8, 52-құжат; N 17-18, 240-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 2, 17-құжат; N 10, 102-құжат; 2003 ж., N 1-2, 3-құжат; N 11, 56, 57, 66-құжаттар; N 15, 139-құжат; N 19-20, 146-құжат; 2004 ж., N 6, 42-құжат; N 10, 56-құжат; N 16, 91-құжат; N 23, 142-құжат; 2005 ж., N 10, 31-құжат; N 14, 58-құжат; N 23, 104-құжат; 2006 ж., N 1, 4-құжат; N 3, 22-құжат; N 4, 24-құжат; N 8, 45-құжат; N 10, 52-құжат; N 11, 55-құжат; N 13, 85-құжат; 2007 ж., N 2, 18-құжат; N 3, 20, 21-құжат; N 4, 28-құжат; N 16, 131-құжат; N 18, 143-құжат; N 20, 153-құжат):

1) 4 5 - б а п т а :

1 - тармақтың екінші бөлігінде:

"ұйымын," деген сөзден кейін "сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорын," деген сөздермен толықтырылсын;

"қызметі және" деген сөзден кейін "сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры," деген сөздермен толықтырылсын;

2) 49 - бапта :

1 - тармақтың екінші бөлігінде:

"ұйымын," деген сөзден кейін "сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорын," деген сөздермен толықтырылсын;

"қызметі," деген сөзден кейін "сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры," деген сөздермен толықтырылсын;

2. 1999 ж. 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне (Ерекше бөлім) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 16-17, 642-құжат ; N 23, 929-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 10, 244-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 23, 309-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 10, 102-құжат; 2003 ж., N 1-2, 7-құжат; N 4, 25-құжат; N 11, 56-құжат; N 14, 103-құжат; N 15, 138, 139-құжаттар; 2004 ж., N 3-4, 16-құжат; N 5, 25-құжат; N 6, 42-құжат; N 16, 91-құжат; N 23, 142-құжат; 2005 ж., N 21-22, 87-құжат; N 23, 104-құжат; 2006 ж., N 4, 24, 25-құжаттар; N 8, 45-құжат; N 11, 55-құжат; N 13, 85-құжат; 2007 ж., N 3, 21-құжат; N 4, 28-құжат; N 5-6, 37-құжат):

1) 825 - 1 - бапта :

бірінші тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Сақтандырушы сақтандыру ережесін сақтандырудың әрбір түрі бойынша әзірлейді және ол осы баптың талаптарына сәйкес келуге тиіс";

төртінші тармақтағы екінші сөйлем алынып тасталсын;

5 - тармақ алынып тасталсын;

2) 826 - бапта :

1-тармақтың 13) тармақшасында "салық төлеушінің" деген сөздердің алдынан " сақтандыру шартында сақтандырылушы (пайда алушы) көрсетілген жағдайда" деген сөздермен толықтырылсын;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Сақтандыру шартында көрсетілуі тиіс талаптардың толық болмағаны үшін сақтандырушы жауапты болады.";

3) 828 - бапта :

1-тармақтың 1-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-1) егер сақтандыру шарты сақтанушыға ерікті сақтандыру түрлері бойынша сақтандыру полисін берумен қосылу шарты нысанында жасалған болса, сақтанушыны сақтандыру ережелерімен таныстыруға және ереженің көшірмесін беруге;"

3. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 5

-6, 24-құжат; N 17-18, 241-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 33-құжат; N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 1-2, 3-құжат; N 4, 25-құжат; N 5, 30-құжат; N 11, 56, 64, 68-құжаттар; N 14, 109-құжат; N 15, 122, 139-құжаттар; N 18, 142-құжат; N 21-22, 160-құжат; N 23, 171-құжат; 2004 ж., N 6, 42-құжат; N 10, 55-құжат; N 15, 86-құжат; N 17, 97-құжат; N 23, 139, 140-құжаттар; N 24, 153-құжат; 2005 ж., N 5, 5-құжат; N 7-8, 19-құжат; N 9, 26-құжат; N 13, 53-құжат; N 14, 58-құжат; N 17-18, 72-құжат; N 21-22, 86, 87-құжаттар; N 23, 104-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат; N 2, 19, 20-құжаттар; N 3, 22-құжат; N 5-6, 31-құжат; N 8, 45-құжат; N 10, 52-құжат; N 11, 55-құжат; N 12, 72, 77-құжаттар; N 13, 85, 86-құжаттар; N 15, 92, 95-құжаттар; N 16, 98, 102-құжат; N 23, 141-құжат; 2007 ж., N 1, 4-құжат; N 2, 16, 18-құжаттар; N 3, 20, 23-құжаттар; N 4, 28, 33-құжаттар; N 5-6, 40-құжат; N 9, 67-құжат; N 10, 69-құжат; N 12, 88-құжат; N 13, 99-құжат; N 15, 106-құжат; N 16, 131-құжат; N 17, 136, 139, 140-құжаттар; N 18, 143, 144-құжаттар; N 19, 146, 147-құжаттар; N 20, 152-құжат; N 24, 180-құжат; 2008 ж., N 6-7, 27-құжат):

1) 1 7 3 - б а п :

мынадай мазмұндағы 2-1-бөлікпен толықтырылсын:

"2-1. Актуарийдің уәкілетті орган белгілеген мерзімде сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнаманы бұзғандығын жою жөніндегі шектеулі ықпал ету шараларын о р ы н д а м а у ы -

елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

мынадай мазмұндағы 4-2-бөлікпен толықтырылсын:

"4-2. Актуарийдің актуарлық есептерді және қорытындыларды нақты және дұрыс ж а с а м а у ы -

елу айлық есептік көрсеткіш мөлшеріндегі айыппұл салуына әкеледі.";

2) 1 7 5 - б а п т а :

екінші бөліктің екінші абзацындағы:

"үштен жетіге дейінгі" деген сөздер "- жиырма" деген сөзбен ауыстырылсын;

"елуден жүзге дейінгі" деген сөздер "жүз" деген сөзбен ауыстырылсын;

"екі жүзден төрт жүзге дейінгі" деген сөздер "төрт жүз" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

"бес жүзден мыңға дейінгі" деген сөздер "бір мың" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 5 4 8 - б а п т а :

үшінші бөлігінде "он" деген сөз "жиырма" деген сөзбен ауыстырылсын;

4) 550-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"550-бап. Мемлекеттік еңбек инспекциясы органдары

1. Мемлекеттік еңбек инспекциясы органдары осы Кодекстің 87-1 - 87-6, 89, 89-1 (бірінші бөлігінде) - 94, 175 (екінші бөлігінде, жұмыс берушілер жасаған құқық бұзушылықтарға қатысты), 396 (бірінші бөлігінде), 399-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жазалар қолдануға мемлекеттік еңбек инспекторлары құқылы.

3. Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қатысушыларына қатысты осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган қарайды."

4. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексіне) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 11-12, 168-құжат; 2002 ж., N 6, 73, 75-құжаттар; N 19-20, 171-құжат; 2003 ж., N 1-2, 6-құжат; N 4, 25; N 11, 56-құжат; N 15, 133, 139-құжаттар; N 21-22, 160-құжат; N 24, 178-құжат; 2004 ж., N 5, 30-құжат; N 14, 82-құжат; N 20, 116-құжат; N 23, 140, 142-құжаттар; N 24, 153-құжат; 2005 ж., N 7-8, 23-құжат; N 21-22, 86, 87-құжаттар; N 23, 104-құжат; 2006 ж., N 1, 4, 5-құжаттар; N 3, 22-құжат; N 4, 24-құжат; N 8, 45, 46-құжаттар; N 10, 52-құжат; N 11, 55-құжат; N 12, 77, 79-құжаттар; N 13, 85-құжат; N 16, 97, 98, 103-құжаттар; N 23, 141-құжат; 2007 ж., N 1, 4-құжат; N 2, 16, 18-құжат; N 3, 20-құжат; N 4, 33-құжат; N 5-6, 37, 40-құжаттар; N 9, 67-құжат; N 10, 69-құжат; N 12, 88-құжат; N 14, 102, 105-құжаттар; N 15, 106-құжат; N 18, 144-құжат; N 20, 152-құжат; N 24, 178-құжат):

144-баптың 32) тармақшасындағы "қызметкердің өміріне және денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің жауапкершілігін" деген сөздер "қызметкерді жазатайым оқиғалардан" деген сөздермен ауыстырылсын.

5. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексі (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., N 9, 65-құжат; N 19, 147-құжат; N 20, 152-құжат):

23-баптың 2-тармағының 14) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"14) еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде қызметкерді жазатайым оқиғалардан сақтандыруға";

317-баптың 1-тармағының 12) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"12) еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде қызметкерді жазатайым оқиғалардан сақтандыруға";

323-баптың 2-тармағының бірінші бөлігінің 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) қызметкердің еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде қызметкерді жазатайым оқиғалардан сақтандыруға шарт жасасқан сақтандыру ұйымына."

6. "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., N 22, 406-құжат; 2003 ж., N 11, 56-құжат; N 12, 85-құжат; N 15, 139-құжат; 2004 ж., N 11-12, 66-құжат; 2005 ж., N 14, 55, 58-құжаттар; N 23, 104-құжат; 2006 ж., N 3, 22-құжат; N 4, 25-құжат; N 8, 45-құжат; N 13, 85-құжат; N 16, 99-құжат; 2007 ж., N 2, 18-құжат; N 4,

28, 33-құжаттар; N 8, 52-құжат; N 18, 145-құжат):

1) 3-баптың отыз екінші абзацындағы "не Қазақстан Республикасының өзара сақтандыру туралы заңнамалық актісіне сәйкес лицензиясыз" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

2) 4-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Сақтандыру қызметі - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын жасау мен орындауға байланысты, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес уәкілетті органның лицензиясы негізінде жүзеге асырылатын қызметі, сондай-ақ өзара сақтандыру қоғамдарының сақтандыру шарттарын жасау мен орындауға байланысты, Қазақстан Республикасының өзара сақтандыру туралы заңнамалық актісіне сәйкес лицензиясыз жүзеге асырылатын қ ы з м е т і . " ;

3) 6-баптың 5-тармағындағы екінші сөйлем алынып тасталсын;

4) 9-баптың 8-тармағы алынып тасталсын;

5) 1 1 - б а п т а :

4-тармақтың бірінші бөлігіндегі "құруға құқылы" деген сөздер "құрады" деген с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Сақтандыру төлемдерінің кепілдік беру жүйесіне енгізілген сақтандырудың міндетті түрлері бойынша сақтандыру шарттарын жасау жөніндегі қызметін тиісті лицензиялары бар сақтандыру ұйымдары тек Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген өз функцияларын жүзеге асырған кезде ғана жүзеге асыра алады.";

6) 11-1-баптың 1-тармағының екінші бөлігі алынып тасталсын;

7) 14-баптың 2-тармағындағы "Өзара сақтандыру қоғамдарының," деген сөздер мен "актісінде" деген сөзден кейінгі "белгіленген қызметін қоспағанда," деген сөздер " уәкілетті орган белгілеген қызметті қоспағанда," деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 18-бап мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Сақтандырушының сақтандыру агентіне сақтандырудың міндетті түрлерін реттейтін заңнамалық актілердің талаптарына сәйкес жасалатын сақтандыру шарттарын жасау жөніндегі делдалдық қызмет көрсеткені үшін төлейтін комиссиялық с ы й а қ ы н ы ң м ө л ш е р і :

жеке тұлға үшін - осы шарт бойынша төленуі тиіс есептелген сыйақы мөлшерінің о н п а й ы з ы н а н ;

заңды тұлға үшін - осы шарт бойынша төленуі тиіс есептелген сыйақы мөлшерінің о н б е с п а й ы з ы н а н а с п а у ы т и і с " ;

9) 22-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"22-бап. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының құқықтық м ә р т е б е с і

1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған коммерциялық ұйым болып табылады және өз қызметін осы Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырады.

2. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының құқықтық мәртебесі заңды тұлғаның әділет органдарында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ретінде мемлекеттік тіркелуімен және сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензиясының болуымен айқындалады. "

10) 37 - бапта :

1-тармағының 11) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"11) сақтандыру ұйымын мәжбүрлеп тарату кезінде міндетті сақтандыру шарттары бойынша сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымның акцияларын ұстаушылар тізілімінің жүйесінде ашылған сақтандыру ұйымының есеп шотынан үзінді көшірмені, егер Қазақстан Республикасының міндетті сақтандыру туралы заңнамалық актілерінде осы ұйымның акционері ретінде міндетті қатысуы белгіленген болса, табыс етеді.;"

2-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) сақтандыру ұйымын мәжбүрлеп тарату кезінде міндетті сақтандыру шарттары бойынша сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымның акцияларын ұстаушылар тізілімінің жүйесінде ашылған сақтандыру ұйымының есеп шотынан үзінді көшірмені, егер Қазақстан Республикасының міндетті сақтандыру туралы заңнамалық актілерінде осы ұйымның акционері ретінде міндетті қатысуы белгіленген болса.;"

11) 40 - бапта :

3-тармақтағы "екі" деген сөз "үш" деген сөзбен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы 3-1 тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Актуарий уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен бекітілген актуарийлерді оқытудың ең төменгі міндетті бағдарламасы бойынша емтихан тапсыруы міндетті. " ;

12) 43-баптың 22) тармақшасындағы "белгілейді" деген сөзден кейін ", сондай-ақ сақтандыру полисінің бірыңғай нысанын әзірлейді" деген сөздермен толықтырылсын;

13) 59-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы б) тармақшамен толықтырылсын:

"б) актуарийдің уәкілетті орган белгілеген мерзімде уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен белгіленген актуарийлерді оқытудың ең төменгі міндетті бағдарламасы бойынша емтихан тапсырмауы алты айға дейінгі мерзімге тоқтата тұра алады. " ;

7. "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 17 қаңтардағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 2, 16-құжат; 2004 ж., N 20, 116-құжат; N 23, 142-құжат; 2005 ж., N 11, 36-құжат;

2006 ж., N 3, 22-құжат):
1) 7-бапта:
2-тармақта:

бірінші бөліктің 2) тармақшасы алынып тасталсын;
мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Қызметкерлер еңбек (қызметтік) міндеттерін орындауы кезінде Қазақстан Республикасының міндетті сақтандыру туралы заңнамасына сәйкес жазатайым оқиғалардан міндетті түрде сақтандырылуы тиіс";

2) 28-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Кеме иесі кеме экипажы мүшелерін еңбек (қызметтік) міндеттерін орындауы кезінде оларды Қазақстан Республикасының міндетті сақтандыру туралы заңнамасына сәйкес жазатайым оқиғалардан міндетті түрде сақтандыруы тиіс".

8. "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 3 маусымдағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 11, 63-құжат; 2005 ж., N 14, 55-құжат; 2006 ж., N 4, 25-құжат; 2007 ж., N 2, 18-құжат):

1) 1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар
Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) агент банк - банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын, Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорымен агенттік келісім негізінде кредиторларға кепілдік төлемдерін жүзеге асыру бойынша қызмет көрсететін банк
н е м е с е ұ й ы м ;

2) жәбірленуші - өзге тұлғаның көлік құралын пайдалануы нәтижесінде өміріне, денсаулығына зиян келтірілген тұлға;

3) зиянды өтеу резерві - Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры бастапқы біржолғы жарналар мен қосымша жарналар есебінен қалыптастыратын, тек қана осы Заңда көзделген жағдайларда жәбірленушінің өміріне, денсаулығына келтірілген зиянды және (немесе) жерлеуге жұмсалатын шығыстарды өтеу үшін пайдаланылатын
а қ ш а с о м а с ы ;

4) кепілдік төлемі - "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымының міндетті сақтандыру шарты бойынша басталған сақтандыру жағдайлары бойынша Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорының осы Заңда көзделген тәртіппен және шарттармен сақтанушыға (сақтандырылушыға, пайдаланушыға)
т ө л е й т і н а қ ш а с о м а с ы ;

5) кредитор - мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымының міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайы басталған кезде кепілдік төлемін алуға құқығы бар сақтанушы (сақтандырылушы, пайдаланушы);

6) қатысушы-сақтандыру ұйымы - Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорының акционері болып табылатын сақтандыру ұйымы;

7) қосымша жарна - осы Заңда көзделген тәртіппен сақтандыру ұйымы Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына төлейтін, көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша есептелген сақтандыру сыйлық ақыларының бір бөлігі түріндегі ақша сомасы;

8) мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымы - сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру жүйесіне қатысушы болып табылатын, өзіне қатысты мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енген сақтандыру ұйымы;

9) меншікті капитал - Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорының оның міндеттемелеріне азайтылған активтері мен сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру р е з е р в і ;

10) міндетті жарналар - осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде айқындалған тәртіппен Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына қатысушы-сақтандыру ұйымы төлейтін, Қазақстан Республикасының міндетті сақтандыру туралы заң актісінде Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына міндетті қатысу көзделген міндетті сақтандыру түрлері бойынша есептелген сақтандыру сыйлық ақылары бөлігі түріндегі ақша сомасы;

11) міндетті сақтандыру - Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына сақтандыру ұйымының міндетті қатысуын көздейтін, Қазақстан Республикасының заң актісінде белгіленген міндетті сақтандыру түрі;

12) міндетті сақтандыру шарты - Қазақстан Республикасының сақтандырудың міндетті түрін реттейтін заң актісі негізінде сақтанушының сақтандыру ұйымымен ж а с а с қ а н ш а р т ы ;

13) мінсіз іскерлік бедел - кәсіпқойлықты, адалдықты, ауыр және аса ауыр қылмыстары үшін алынбаған немесе өтелмеген сотталғандығы жоқ екенін растайтын ф а к т і л е р д і ң б о л у ы ;

14) өтемақы төлемдері - Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорының мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымының кредиторымен жасалған міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақылары төлеміне орай қатысушы-сақтандыру ұйымына төленетін ақша сомасы;

15) өтініш беруші - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сақтандыру ұйымы ретінде тіркелген заңды тұлға не Қазақстан Республикасының міндетті сақтандыру туралы заң актісімен Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорының акционері ретінде міндетті қатысу көзделген міндетті сақтандыру түрлері бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия алуға ниет білдірген с а қ т а н д ы р у ұ й ы м ы ;

16) сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру жүйесі - осы Заңда көзделген, қатысушы-сақтандыру ұйымы мәжбүрлеп таратылған жағдайда міндетті сақтандыру

шарты бойынша сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушылардың (сақтандырылушылардың, пайда алушылардың) құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған ұйымдық-құқықтық шаралар кешені;

17) Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорының жәбірленушінің өміріне, денсаулығына келтірілген зиянды және (немесе) жерлеуге жұмсалған шығыстарды өтеу бойынша төлемдері - осы Заңда көзделген жағдайларда өміріне, денсаулығына зиян келтірілген жәбірленушіге және осы Заңның 17-1-бабының 4 және 5-тармақтарында көрсетілген адамдарға төленетін ақша сомасы;

18) сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру резерві - міндетті жарналар, сондай-ақ Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорының талаптарын қанағаттандыру тәртібімен ол мәжбүрлеп таратылған сақтандыру ұйымынан алған және кепілдік, өтемақы төлемдерін, сондай-ақ сақтандыру жағдайын, келтірілген зиян мөлшерін анықтауға байланысты шығыстар мен кепілдік және өтемақы төлемдерін және осы Заңда көзделген жағдайларда жәбірленушінің өміріне, денсаулығына келтірілген зиянды және (немесе) жерлеуге жұмсалған шығыстарды өтеу бойынша төлемдерді жүзеге асыруға байланысты шығыстарды жүзеге асыру үшін пайдаланылатын ақша есебінен Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры қалыптастыратын ақша сомасы;

19) төтенше жарналар - осы Заңда көзделген жағдайларда қатысушы-сақтандыру ұйымының Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына қосымша төлейтін ақша с о м а с ы ;

20) уәкілетті орган - сақтандыру қызметін реттеу және қадағалау жөніндегі м е м л е к е т т і к о р г а н ;

21) шартты міндеттемелер - қатысушы-сақтандыру ұйымының төтенше жарналарды төлеу үшін ол қалыптастыратын Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры алдындағы м і н д е т т е м е л е р і . " ;

2) 3-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Уәкілетті орган Қорға және оның лауазымды тұлғаларына осы заңда көзделген тәртіппен шектеулі ықпал ету шараларын және санкцияларды қолданады.";

3) мынадай мазмұндағы 3-1 және 3-2-баптармен толықтырылсын:

"3-1-бап. Шектеулі ықпал ету шаралары

1. Уәкілетті орган Қордың Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзуларын байқаған жағдайда, Қордың лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің заңсыз іс-қимылдары мен шарасыздықтарын анықтаған жағдайда, сондай-ақ осы Заңмен көзделген уәкілетті органның өзге де талаптарын орындамаған жағдайда уәкілетті орган мынадай шектеулі ықпал ету шараларының бірін қолданады:

1) орындалуы міндетті жазбаша ұйғарым беру;

2) жазбаша келісім жасау.

2. Жазбаша ұйғарым — анықталған Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтарды жоюға бағытталған орындалуы міндетті түзету шараларын қабылдау

және анықталған Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтарды одан әрі болдырмау туралы Қорға нұсқау беру.

Қор жазбаша ұйғарымда белгіленген мерзімде оны орындау жөнінде уәкілетті органға хабарлауға міндетті.

Уәкілетті органның жазбаша ұйғарымына сотта шағым жасау оның орындалуын тоқтата алмайды.

3. Жазбаша келісім - уәкілетті орган мен Қор арасында анықталған бұзушылықтарды және (немесе) кемшіліктерді жою қажеттілігі мен бұзушылықтарды және (немесе) кемшіліктерді жою жөнінде бірінші кезектегі шараларды бекіту туралы келісім. Жазбаша келісім тараптардың болып жатқан бұзушылықтарды және (немесе) кемшіліктерді жою үшін оларды уәкілетті орган анықтаған сәттен бастап екі айдан аса уақыт керек деген шешімге келген жағдайда жасалады.

4. Уәкілетті орган Қорға осы бапта белгіленген шектеулі ықпал ету шараларының кез-келгенін бұдан бұрын да оған қолданылған ықпал ету шараларына тәуелсіз қолдануға құқылы.

5. Осы бапта келтірілген шаралар, сондай-ақ "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген санкциялар егер де уәкілетті орган қатысушы-сақтандыру ұйымдарының және олардың лауазымды тұлғаларының немесе қызметкерлерінің бұзушылықтары, заңсыз іс-қимылдары немесе шарасыздықтары Қордың қаржылық жай-күйін нашарлатқан деп белгілесе, онда қатысушы-сақтандыру ұйымдарына да қолданылуы мүмкін.

3 - 2 - б а п .

С а н к ц и я л а р

1. Уәкілетті орган осы Заңның 4-бабының б) тармақшасында көрсетілген тұлғаларды қызметтік міндеттерін орындаудан шеттету түріндегі санкцияны Қордың басшы қызметкерінің лауазымына тағайындауға (сайлауға) берілген келісімді мынадай негіздемелердің бірі бойынша кері қайтарып алумен қатар қолданады:

1) уәкілетті орган қолданған шектеулі ықпал ету шараларының талаптарын бірнеше рет (жүйелі күнтізбелік айлар ішінде екі және одан да көп рет) орындамау;

2) Қор активтерін инвестициялау тәртібі мен мөлшерін бірнеше рет (жүйелі күнтізбелік айлар ішінде екі және одан да көп рет) бұзу;

3) кепілдік және өтемақы төлемдерін, сондай-ақ жәбірленушінің өміріне, денсаулығына келтірілген зиянды және (немесе) жерлеуге жұмсалған шығыстарды өтеу бойынша төлемдерді жүзеге асыру тәртібі мен мерзімдерін бұзу;

4) уәкілетті органға екі жүйелі күнтізбелік ай ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген есептілікті (қаржы есептілігін қосқанда) ұсынбау;

5) бухгалтерлік есепте Қордың осы Заңда көзделген қызметті жүзеге асыру операцияларын тиісті дәрежеде көрсетпеуге, сондай-ақ есептің өзге де міндетті нысандарын тиісті дәрежеде жүргізбеуге байланысты заңнаманы бұзу фактілерін бірнеше рет (жүйелі күнтізбелік айлар ішінде екі және одан да көп рет) анықтау;

6) уәкілетті органға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шынайы емес мәліметтер мен есептіліктің берілуін бірнеше рет (жүйелі күнтізбелік айлар ішінде екі және одан да көп рет) белгілеу;

7) қатысушы-сақтандыру ұйымдарының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзудың оған белгілі болған фактілері туралы уәкілетті органға бірнеше рет (жүйелі күнтізбелік айлар ішінде екі және одан да көп рет) х а б а р л а м а у ;

8) өз функцияларын жүзеге асыру барысында қатысушы-сақтандыру ұйымдарының қызметі туралы алынған мәліметтерді үшінші тұлғаларға (уәкілетті органды қоспағанда) ж а р и я е т у н е м е с е б е р у ;

9) Қордың жүргізілген аудит туралы аудиторлық ұйымның есебінде көрсетілген бұзушылықтарды Қордың аудиторлық есепті алған күннен бастап үш ай ішінде ж о й м а у ы . " ;

3) 4-бап мынадай редакцияда жазылсын:
"4-бап. Уәкілетті органның құзыреті
У ә к і л е т т і о р г а н :

1) Қордың және сақтандыру ұйымдарының қызметін реттейтін, оның ішінде кепілдік және өтемақы төлемдерін жүзеге асыру тәртібінің мәселелерін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді қабылдайды;

2) Қор активтерін инвестициялау тәртібі мен мөлшерін белгілейді;

3) Қордың есептілігінің (қаржылық есептілікті қоспағанда) көлемін, табыс ету тәртібі мен мерзімдерін айқындайды;

4) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіпте Қорды ерікті түрде қайта ұйымдастыруға және таратуға рұқсаттарды береді және оны б е р у д е н б а с т а р т а д ы ;

5) қатысушы-сақтандыру ұйымдарының Қорға төлеуі тиіс, Қордың директорлар кеңесі белгілеген қатысушы-сақтандыру ұйымдарының әрбір күнтізбелік жылға арналған міндетті және қосымша жарналарының ставкаларын келіседі;

6) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіпте директорлар кеңесінің төрағасы мен мүшелерін, басқарма төрағасы мен мүшелерін не бас директорды, бас бухгалтерді сайлауға (тағайындауға) келісім береді және берілген келісімді к е р і қ а й т а р ы п а л а д ы ;

7) осы Заңда және Қазақстан Республикасының заңнама актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады. " ;

4) 5-бап мынадай редакцияда жазылсын:
"5-бап. Қорды құру тәртібі және оның органдары

1. Қор коммерциялық емес ұйым болып табылады және өз қызметін осы Заңның және құрылтай құжаттарының негізінде жүзеге асырады. Қордың ұйымдастырушылық-құқықтық нысаны акционерлік қоғам болып табылады.

Қор міндетті сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру ұйымдарын мәжбүрлеп тарату кезінде сақтанушыларға (сақтандырылғандарға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін Қазақстан Республикасының аумағындағы жалғыз ұйым болып табылады.

2. Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру жүйесіне кіргізілген сақтандырудың міндетті түрлері бойынша лицензиясы бар барлық сақтандыру ұйымдары Қор акционерлері болып табылады.

3. Акционерлердің жалпы жиналысының құзыреті Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар және коммерциялық емес ұйымдар туралы заңнамаларына сәйкес анықталады.

4. Қордың әрбір акционерінің акцияларының саны Қордың орналастырылған акцияларының жалпы санынан он пайыз аспауы тиіс.

Қордың әр акционері "бір акция — бір дауыс" принципі бойынша дауыс береді.

5. Қор қызметіне жалпы басшылық жасауды тоғыз адамнан тұратын директорлар кеңесі жүзеге асырады.

Қордың Директорлар кеңесінің құрамына дауыс беру құқығы бар уәкілетті органның өкілі кіреді.

Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің бір дауысы бар.

Директорлар кеңесінің шешімдері мәжіліске қатысып отырған директорлар кеңесі мүшелерінің жай басым даусымен қабылданады.

Дауыс тең болған жағдайда директорлар кеңесі төрағасының немесе директорлар кеңесінің мәжілісінде төрағалық етіп отырған тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.

6. Қордың банктік шоттары Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде ашылады. Кепілдік төлемдерді жүзеге асыру үшін, сондай-ақ Қордың ағымдағы қаржылық-шаруашылық және инвестициялық қызметтерін көрсету мақсатында Қордың банктік шоттары екінші деңгейдегі банктерде ашылуы мүмкін.";

5) мынадай мазмұндағы 5-1-баппен толықтырылсын:

"5-1-бап. Қордың директорлар кеңесінің бірінші басшысы мен мүшелеріне, басқарманың төрағасы мен мүшелеріне не бас директорға, бас бухгалтерге қойылатын талаптар

1. Мына тұлға Қордың директорлар кеңесінің бірінші басшысы мен мүшесі, басқарманың төрағасы мен мүшесі не бас директоры, бас бухгалтері болып тағайындала (сайлана) алмайды:

1) жоғары білімі жоқ;

2) қаржылық қызметті көрсету және (немесе) реттеу саласында екі жылдан кем емес жұмыс стажы жоқ;

3) мінсіз іскерлік беделі жоқ;

4) осы тұлғаның өзге қаржы ұйымының басшы қызметкері лауазымында болған

кезеңінде одан басшы қызметкер лауазымына тағайындалуға (сайлануға) берілген келісім кері қайтарып алынса. Аталған талап уәкілетті органның басшы қызметкер лауазымына тағайындалуға (сайлануға) берген келісімін кері қайтарып алу жөніндегі шешімі қабылдағаннан кейінгі соңғы он екі жүйелі ай ішінде қолданылады.

2. Қордың директорлар кеңесінің бірінші басшысы мен мүшелері, басқарманың төрағасы мен мүшелері не бас директоры, бас бухгалтері оны тағайындаған (сайлаған) күннен бастап алпыс күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде уәкілетті органның келісімінсіз өз лауазымын иеленуге құқылы.

Осы тармақта көрсетілген мерзім өткеннен кейін және уәкілетті органға келісу үшін құжаттарды ұсынбаған жағдайда не уәкілетті орган келісуден бас тартқан жағдайда Қор аталған тұлғамен еңбек шартын бұзуға не еңбек шарты болмаған жағдайда аталған тұлғаның өкілеттігін тоқтату шараларын қабылдауға міндетті.

3. Уәкілетті орган Қордың директорлар кеңесінің бірінші басшысы мен мүшесін, басқарманың төрағасы мен мүшесін не бас директоры, бас бухгалтерді тағайындауға (сайлауға) келісім беру үшін ұсынылған құжаттарды оларды берген күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде қарастырады.

4. Қордың директорлар кеңесінің бірінші басшысы мен мүшелерін, басқарманың төрағасы мен мүшелерін не бас директоры, бас бухгалтерді тағайындауға (сайлауға) келісім беру және келісім беруден бас тарту тәртібі, келісім алуға қажетті құжаттар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.

5. Уәкілетті орган Қордың директорлар кеңесінің бірінші басшысы мен мүшесін, басқарманың төрағасы мен мүшесін не бас директоры, бас бухгалтерді тағайындауға (сайлауға) берілген келісімді мынадай негіздемелер бойынша кері қайтарып алады:

- 1) келісім беруге негіз болған мәліметтердің шынайы еместігін анықтау;
- 2) осы бапта көрсетілген тұлғаларды қызметтік міндеттерін орындаудан шеттету;
- 3) алынбаған немесе өтелмеген соттылығының болуы.

Уәкілетті орган Қордың директорлар кеңесінің бірінші басшысы мен мүшесін, басқарманың төрағасы мен мүшесін не бас директоры, бас бухгалтерді тағайындауға (сайлауға) берілген келісімді кері қайтарып алған жағдайда Қор аталған тұлғамен еңбек шартын бұзуға міндетті."

6) 6 - б а п т а :

1) тармақшадағы "төтенше жарналарының, сондай-ақ" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

1-1) тармақша алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 1-2), 1-3), 1-4) тармақшалармен толықтырылсын:

"1-2) Қордың инвестициялық саясатын анықтау;

1-3) Қор активтерінің инвестициялық портфелін басқару жөніндегі қызметті жүзеге а с ы р а т ы н ұ й ы м д ы а н ы қ т а у ;

1-4) Қор заемдарын тарту жөнінде шешім қабылдау;"

4-1) тармақша алынып тасталсын;

7) 9-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"9-бап. Қор акцияларын сатып алу тәртібі мен талаптары

1. Сақтандырудың міндетті түрлері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда өтініш беруші сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия алу үшін осы Заңда көзделген тәртіпте Қор акцияларын сатып алуға міндетті.

2. Акцияларды сатып алу үшін өтініш беруші Қорға нотариатта куәландырылған мынадай құжаттарды ұсынады:

1) өтініш берушіні мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмесі;

2) өтініш берушінің статистикалық карточкасының көшірмесі;

3) өтініш беруші жарғысының көшірмесі.

Қордың орналастырылмаған жарияланған акцияларының саны оның жарияланған акцияларының жалпы санының кемінде он пайызын құрайды. Акционерлерге Қордың жарияланған акциялары бойынша артықшылықпен сатып алу құқығы берілмейді.

Қорда орналастырылмаған жарияланған акциялар болмаған жағдайда Қор жарияланған акцияларды сатып алған (иеленген) күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының заңнамаларында көзделген тәртіпте және жағдайларда акциялар шығарылымының проспектісіне тиісті өзгерістер енгізеді.

Қордың қатысушы-сақтандыру ұйымы Қазақстан Республикасының міндетті сақтандыру туралы заңнамалық актісіне сәйкес сақтандыру ұйымына Қордың акцияларын сатып алу және міндетті сақтандырудың аталған түрлері бойынша жасалған міндетті сақтандыру шарттарының қолданысын тоқтату міндеті жүктелген міндетті сақтандыру түрлері бойынша сақтандыру қызметін тоқтатқан жағдайда қатысушы-сақтандыру ұйымы өзіне тиесілі акцияларды Қор акционерлеріне сату жолымен оларды иелігінен шығаруды жүзеге асыруға міндетті. Акционерлер Қор акцияларын сатып алудан бас тартқан жағдайда Қор акциялардың құнын анықтау әдістемесіне сәйкес анықталған баға бойынша акцияларды сатып алуға міндетті.

Қордың қатысушы-сақтандыру ұйымы акцияларды сатып алған кезден бастап оның сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру жүйесіне кіргізілген міндетті сақтандыру түрлері бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына берілетін лицензияны алғанға дейін қатысушы-сақтандыру ұйымының Қор шешімін белгілеу және Қорға тиесілі акцияларға дауыс беру құқығы жоқ.";

8) 10 және 11-баптар алынып тасталсын;

9) 12 - б а п т а :

1-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қатысушы-сақтандыру ұйымы сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру жүйесіне кіргізілген міндетті сақтандыру түрлері бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына берілетін лицензияны алған күннен бастап міндетті және төтенше

жарналарды төлеуге міндетті.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Қатысушы-сақтандыру ұйымы сақтандыру қызметін жүзеге асыруға құқық беретін лицензиядан айырылған күннен бастап қатысушы-сақтандыру ұйымының міндетті және төтенше жарналарын төлем жасау міндеттемесі қатысушы-сақтандыру ұйымын мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енгенге дейін тоқтатыла
т ұ р а д ы .

Қатысушы-сақтандыру ұйымының міндетті және төтенше жарналарын төлеу міндеттемесі оны мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен
б а с т а п т о қ т а т ы л а д ы .

Осы Заңға сәйкес қатысушы-сақтандыру ұйымдары төлеген міндетті және төтенше жарналар қайтарылып берілмейді.";

1 0) 1 5 - б а п т а :

2-тармақтың бірінші бөлігіндегі "екі" деген сөз "алты" деген сөзбен ауыстырылсын;

5-тармақтағы "бес" деген сөз "жеті" деген сөзбен ауыстырылсын;

1 1) 1 7 - 2 - б а п т а :

1-тармақтағы "өтініш беруге құқылы" деген сөздер "өтініш береді" деген сөздермен
а у ы с т ы р ы л с ы н ;

"не қатысушы-сақтандыру ұйымына" деген сөздер алынып тасталсын;

2 - т а р м а қ т а :

1) т а р м а қ ш а д а ғ ы :

"растайтын құжаттың көшірмесі" деген сөздер "растайтын құжат" деген сөздермен
а у ы с т ы р ы л с ы н ;

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) жәбірленушінің қайтыс болуы туралы куәліктің нотариатта куәландырылған
к ө ш і р м е с і ; " ;

5) тармақшадағы "растайтын құжаттың көшірмесі" деген сөздер "растайтын құжат"
д е г е н с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

3-тармақтағы "не қатысушы-сақтандыру ұйымы" деген сөздер алынып тасталсын;

5 - т а р м а қ а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

8-тармақтағы ", сондай-ақ" деген сөз және "қатысушы-сақтандыру ұйымы" деген
с ө з д е р а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

9 - т а р м а қ :

3) тармақшадағы "бас тартуға құқылы" деген сөздер алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) осы баптың 2-тармағында көзделген құжаттардың толық пакетін ұсынбағанда не
шынайы емес құжаттарды бергенде бас тартуға құқылы.";

екінші бөлігіндегі "жеті" деген сөз "отыз" деген сөзбен ауыстырылсын;

10-тармақтағы "министрлігімен" деген сөзден кейін "және Қазақстан

Республикасының Бас прокуратурасымен" деген сөздермен толықтырылсын;

12) 17-2-баптың 6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Жәбірленушінің өміріне, денсаулығына келтірілген зиянды және (немесе) жерлеуге жұмсалған шығыстарды өтеу төлемдері мынадай мөлшерде (айлық есептік көрсеткіштермен) жүзеге асырылады:

1) өміріне зиян келтірген жағдайда - 250;

2) денсаулығына нұқсан келтірген жағдайда - 150;

3) жерлеуге жұмсалатын шығыстарға - 15.";

13) 17-4-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Қатысушы-сақтандыру ұйымы көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруды жүзеге асыруға берілген лицензиядан айырылған күннен бастап қатысушы-сақтандыру ұйымының қосымша жарналарды төлеу міндеттемелері қатысушы-сақтандыру ұйымын мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енгенге дейін тоқтатыла тұрады.

Қатысушы-сақтандыру ұйымының қосымша жарналарды төлеу міндеттемесі оны мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап тоқтатылады.

Қатысушы-сақтандыру ұйымдарының осы Заңға сәйкес төлеген қосымша жарналары қайтарылып берілмейді.";

14) 18 - б а п т а :

1-тармақтың 1) тармақшасындағы "және төтенше" деген сөздер ", төтенше және қосымша" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 - т а р м а қ т а :

1) тармақша алынып тасталсын;

3) тармақшадағы "(Қордың қаржылық есебін қоспағанда)" деген сөздер "(Қордың қаржылық есебін қосқанда)" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) тармақшадағы "қатысу шартына сәйкес айқындалатын көлемде" деген сөздер а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

б) тармақшадағы "және төтенше" деген сөздер ", төтенше және қосымша" деген с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

мынадай мазмұндағы 2-1 тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Қор бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына, қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес өздері жүргізетін операцияларды есепке алады.";

3-тармақтағы "және қатысу шартында" деген сөздер алынып тасталсын;

15) 19 - б а п т а :

1-тармақтың бірінші абзацындағы "Қатысу шартына сәйкес қатысушы-сақтандыру ұйымы" деген сөздер "Қатысушы-сақтандыру ұйымы" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацындағы "Қатысу шартына сәйкес қатысушы-сақтандыру ұйымы" деген сөздер "Қатысушы-сақтандыру ұйымы" деген сөздермен ауыстырылсын;

1) тармақшадағы "және төтенше" деген сөздер ", төтенше және қосымша" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) осы Заңда көзделген жағдайларда өзіне тиесілі Қор акцияларын иеліктен шығаруға ; " ;

3-тармақтағы "және қатысу шартында" деген сөздер алынып тасталсын;

16) 22 - бапта :

1-тармақ "тәртіппен" деген сөзден кейін ", уәкілетті органның рұқсатымен" деген сөздермен толықтырылсын;

2 - тармақта :

"резервінің" деген сөзден кейін "және зиянды өтеу резервінің" деген сөздермен толықтырылсын ;

"Қорға қатысу үлесіне" деген сөздер "осы Қор резервтеріне қатысу үлесіне" деген сөздермен ауыстырылсын ;

3 - тармақ алынып тасталсын ;

17) 24-бап алынып тасталсын .

9. "Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 1 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 14, 102-құжат; 2006 ж., N 3, 22-құжат; N 4, 25-құжат; 2007 ж., N 8, 52-құжат):

8-баптың 1-тармағындағы "қатысушысы" деген сөз "акционері" деген сөзбен ауыстырылсын .

10. "Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" 2003 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 14, 104-құжат; 2006 ж., N 3, 22-құжат; N 4, 25-құжат; 2007 ж., N 8, 52-құжат):

1) 1-тармақтың 5-1) тармақшасы "бағалау қызметін" деген сөздердің алдынан " мүлікті (зияткерлік меншік объектілерін, материалдық емес активтердің құнын қоспағанда) бағалау жөніндегі" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 5-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мынадай көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі міндетті сақтандырылуға жатады:

1) ішкі істер органдарының жол полициясы бөлімшелерінде тіркелген (мемлекеттік тіркеуге жататын) жеңіл, жүк автомобильдер, автобустар, шағын автобустар және олардың негізінде жасалған көлік құралдары, мотокөлік және олардың тіркемелері (жартылай тіркемелері), сондай-ақ трамвайлар мен троллейбустар;

2) Қазақстан Республикасының аумағына уақытша енген (әкелінген) көлік құралы;

3) осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген, жасаушы ұйымдардан, жөндеу және сауда ұйымдарынан, кедендік бақылау органдарынан тіркеу орнына өзін жүргізіп әкелген, сондай-ақ ішкі істер органдарының жол полициясы бөлімшесімен тұрғылықты жерінің өзгеруіне немесе меншік құқығының өзгеруіне байланысты тіркеуден шығарылған көлік құралы";

3) 6-баптың 1-тармағы "мемлекеттік орган" деген сөздерден кейін "(бұдан әрі - уәкілетті орган)" деген сөздермен толықтырылсын;

4) 8 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

1) тармақшада "қатысушысы" деген сөз "акционері" деген сөзбен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) осы Заңмен белгіленген тәртіпте көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру жөніндегі деректер базасының (бұдан әрі — деректер базасы) қатысушысы болуға міндетті.";

4 - т а р м а қ а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

5) 8 - 1 - б а п т а :

атауы мынадай редакцияда жазылсын:

" 8 - 1 . Д е р е к т е р б а з а с ы " ;

1 - т а р м а қ а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

мынадай мазмұндағы 4-1 және 4-2-тармақтармен толықтырылсын:

"4-1. Деректер базасын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым:

1) ақпарат жеткізушілермен ақпарат беру туралы және (немесе) сақтандыру есеп алушылармен сақтандыру есептерін алу туралы шарттар жасасуға;

2) ақпарат жеткізушілерден сақтандыру есептерін қалыптастыратын толық және шынайы ақпаратты талап етуге;

3) ақпарат жеткізуші берген ақпаратты, оның дұрыс немесе толық ресімделмеуіне, ақпарат жеткізушінің, сақтандыру есебін алушының, деректер базасы субъектісінің деректері пайдаланылатын ақпараттық жүйенің талаптарына сәйкес келмеуіне байланысты, оны деректер базасында пайдаланбастан қайтаруға;

4) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде және осы Заңға сәйкес жасалған шарттарда көзделген өзге де құқықтарды иеленуге құқылы.

4-2. Деректер базасын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым:

1) сақтандыру есептерін қалыптастыруды жүзеге асыруға;

2) осы Заңда және уәкілетті органның нормативтік-құқықтық актілерінде көзделген тәртіпте сақтандыру есептерін беруге;

3) осы Заңмен көзделген жағдайларды қоспағанда сақтандыру есептерінде бар ақпараттың ашылуына жол бермеуге;

4) егер алушыға берілген сақтандыру есебі деректер базасын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымы қызметкерлерінің әрекеттері немесе әрекетсіздіктері

салдарынан ақпарат берушілердің деректер базасын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымына берген ақпаратқа сәйкес келмесе сақтандыру есебін алушыға және деректер базасының субъектісіне түзетілген сақтандыру есебін көрсетілген сәйкессіздік анықталған сәттен бастап бес жұмыс күн ішінде беруге;

Ақпарат жеткізушімен деректер базасын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымның берген сақтандыру есебінің сәйкес келмеуін растау қажет болған жағдайда сақтандыру есебін алушыға және деректер базасының субъектісіне түзетілген сақтандыру есебін беру мерзімін есептеу деректер базасын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымның ақпарат жеткізушіден осы баптың 7-тармағының 7) тармақшасында белгіленген мерзімде тиісті ақпарат алған сәттен бастап жүзеге асырылады;

5) деректер базасы субъектісінің өтініші бойынша, оған деректер базасы субъектісімен дау айтылған ақпаратты ұсынған ақпарат жеткізуші туралы мәліметтер беруге;

6) егер сақтандыру есебін беру туралы сұрату Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген талаптар бұзылып жасалса, оны беруден бас тартуға;

7) сақтандыру есептерін беру туралы сұратулардың есебін және берілген сақтандыру есептерінің есебін жүргізуге;

8) ақпарат жеткізушіге тиісті негіздемелер болған кезде қайта ресімдеуге немесе нақтылауға жататын келіп түскен ақпаратты түзету, толықтыру туралы талап қоюға;

9) ақпараттық ресурстарды және ақпараттық жүйелерді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес пайдалануға;

10) осы баптың 5-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген ақпаратты жеткізушілерге деректер базасының ақпараттық ресурстарын құруда және оған қол жеткізуде тең жағдайларын қамтамасыз етуге;

11) уәкілетті органмен "Қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңында көзделген өзінің функцияларын іске асыру мақсатында сұратылған ақпаратты беруге, оның ішінде:

осы баптың 5-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген ақпарат жеткізушілердің ұсынылуы осы Заңмен және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен талап етілетін ақпаратты ұсынбағаны, уақтылы ұсынбағаны не толық көлемде ұсынбағаны туралы ақпаратты;

осы баптың 5-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген ақпарат жеткізушілермен осы Заңның 19-бабының талаптарын бұза отырып есептелген сақтандыру сыйлықақыларының мөлшерлері туралы ақпаратты;

12) уәкілетті органға деректер базасына қол жетімділігін беруге;

13) Қазақстан Республикасы заңнамасында және (немесе) ақпарат беру және (немесе) сақтандыру есептерін алу туралы шарттарда белгіленген өзге де талаптарды

с а қ т а у ғ а

м і н д е т т і . " ;

7-тармақ мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

"7) осы баптың 4-2-тармағының 4) тармақшасында көзделген жағдайларда деректер базасын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымға үш жұмыс күн ішінде ақпаратты ұ с ы н у ғ а

м і н д е т т і . " ;

8 - т а р м а қ т а :

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

" 1) у ә к і л е т т і о р г а н " ;

5) тармақшада "сақтандыру есебін алушылар болып табылады." деген сөздер а л ы н ы п

т а с т а л с ы н ;

мынадай мазмұндағы 6) және 7) тармақшалармен толықтырылсын:

"6) осы Заңда көзделген жағдайларда дауларды қараған кезде сақтандыру о м б у д с м а н ы ;

7) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 830-бабының 5-тармағында көрсетілген тұлғалар сақтандыру есебін алушылар болып табылады.";

мынадай мазмұндағы 10-1 және 10-2-тармақтармен толықтырылсын:

"10-1. Деректер базасының субъектісі:

1) осы заңда белгіленген талаптарға сәйкес өзі туралы сақтандыру есебін алуға;

2) сақтандыру шартын жасаған кезде осы баптың 8-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген сақтандыру есебін алушыдан сақтандыру есебімен таныстыруды не осы алушының деректер базасынан алған сақтандыру есебінің көшірмесін оған беруді талап е т у г е ;

3) жеткізуші туралы ақпарат алғанда сақтандыру есебіндегі ақпаратпен келіспегенін м ә л і м д е у г е ;

4) ақпаратты жеткізушіге және деректер базасын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымға шынайы емес ақпаратты түзету жөнінде талап қоюға;

5) Қазақстан Республикасы заңнамалық актілеріне сәйкес өзге де құқықтарды и е л е н у г е

қ ұ қ ы л ы .

10-2. Уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілері осы баптың 5-тармағының

1) тармақшасында көрсетілген ақпарат жеткізушілермен, олардың деректер базасын құруға және қорғауға қатысу жөніндегі ақпарат жеткізушілер ретіндегі қызметіне қатысты бөлігінде орындалуға міндетті."

6) 8 - 2 - б а п т а :

баптың атауы "және оны ұсыну мерзімі" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Сақтандырушылар осы Заң мен ақпарат беру және (немесе) сақтандыру есептерді алу туралы шартында көзделген тәртіпте, мерзімдерде және көлемде өзімен сақтандыру шартын жасасқан сақтанушы (сақтандырылушы), әрбір жасалған сақтандыру шарты, сақтандыру сыйлықақылардың көлемі, сақтандыру жағдайлары,

сондай-ақ сақтандыру төлемдерінің сомалары (мүлік пен денсаулық бойынша төлемдер бөлігінде) туралы ақпарат береді.

Сақтандырушы деректер базасын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымға берген сақтанушы, сақтандырылушы туралы мәліметтер сақтанушының осы Заңның 10-бабының 5-тармағында көзделген өтінішінде көрсетілген сақтанушы және сақтандырылушы туралы мәліметтерге сәйкес келуі тиіс";

3-тармақ "электрондық түрде" деген сөздерден кейін "көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттың ресімдеген күннен кейін келетін жұмыс күні ішінде" деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақ алынып тасталсын;

7) мынадай мазмұндағы 8-3-баппен толықтырылсын:

"8-3-бап. Ақпарат беру және (немесе) сақтандыру есептерін алу туралы шарттың міндетті талаптары

Ақпарат беру және (немесе) сақтандыру есептерін алу туралы шартта мыналар болады тиіс:

- 1) тараптардың толық атауы, олардың орналасқан жері мен банк деректемелері;
- 2) осы Заңға сәйкес келетін шарттың мәні туралы көрсету;
- 3) сақтандыру есептерін қалыптастыратын ақпараттың түрлері, көлемі, мерзімдері (кезеңділігі), ұсыну тәртібі;
- 4) сақтандыру есептеріндегі ақпараттың түрлері, көлемі, мерзімдері (кезеңділігі) және сақтандыру есептерін алу тәртібі;
- 5) тараптардың осы Заңға сәйкес келетін құқықтары мен міндеттері;
- 6) деректер базасынан ақпаратты ұсыну жөніндегі қызметтерге ақы төлеу тәртібі;
- 7) шарттың қолданылу мерзімі, оны өзгерту негіздемелері және тәртібі, бір жақты тәртіппен тоқтату және бұзу, сондай-ақ, шарт бойынша міндеттемелерін бұзғаны үшін айыппұлдың мөлшері;
- 8) ақпарат жеткізушінің деректер базасын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымға жіберілетін барлық ақпаратқа қатысты құпиялық режимін сақтау туралы міндеттемесі;

9) деректер базасын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымның барлық алынатын ақпаратқа қатысты құпиялық режимін сақтау туралы міндеттемесі;

10) ақпаратты ұсыну және (немесе) сақтандыру есептерін алу туралы шартты бұзғаны үшін тараптардың жауапкершілігі туралы талаптар.

Осы Заңның 8-1-бабының 5-тармағында көрсетілген ақпаратты жеткізушілермен ақпаратты ұсыну шартын жасаған кезде деректер базасын және көрсетілген ақпараттық жүйелерді құруға пайдаланылатын ақпараттық жүйелерді қалыптастырғанда және пайдаланғанда қолданылатын бағдарламалық қамтамасыз етуді қорғау жөніндегі ұйымдастырушылық, техникалық шаралар мен технологиялық талаптарды бірлесіп іске асыру міндеттілігі туралы талап міндетті енгізілуге жатады.";

8) 9-баптың 3-тармағының екінші бөлігі мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Бұл ретте сақтандырушы өтінішті қабылдаудан бас тартуға құқылы емес";

9) 10 - бапта :

5 - тармақта :

екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтандыру полисі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актінің талаптарына сәйкес беріледі және онда деректер базасынан алынған ақпарат, сондай-ақ бірегей нөмірі бар .

Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасау үшін сақтанушының өтініші негіз болып табылады. Өтініштің мазмұнына қойылатын талаптар және өтініште көрсетілген мәліметтерді растайтын құжаттар көшірмелерінің тізбесі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді."

мынадай мазмұндағы 10 және 11-тармақтармен толықтырылсын:

"10. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысын төлеу бір жолғы төлеммен жеке тұлғамен жүргізіледі .

11. Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын, олардың мемлекеттік техникалық қарауын өткізген жерлерде және ішкі істер органдары Жол полициясының тіркеу бөлімшелерінде жасауға тыйым салынады . " ;

10) 11 - бапта :

4-тармақта "(сақтандырылушы)" деген сөз алынып тасталсын;

6-тармақша "Заңға" деген сөзден кейін "және сақтанушының тиісті өзгерістер немесе толықтырулар енгізу жөніндегі өтінішті берген сәтіне қолданыста болған айлық есептік көрсеткіштің мөлшеріне" деген сөздермен және "сәйкес" деген сөзден кейін " көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін сақтандыру шартының қолданыста болу кезеңіне пропорционалды" деген сөздермен толықтырылсын;

11) 12 - бапта :

4-тармақта "(сақтандырылушы)" деген сөз алынып тасталсын;

6-тармақша "Заңға" деген сөзден кейін "және сақтанушының тиісті өзгерістер немесе толықтырулар енгізу жөніндегі өтінішті берген сәтіне қолданыста болған айлық есептік көрсеткіштің мөлшеріне" деген сөздермен және "сәйкес" деген сөзден кейін " көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін сақтандыру шартының қолданыста болу кезеңіне пропорционалды" деген сөздермен толықтырылсын;

12) 13 - бапта :

4 - тармақта :

2) тармақшада "." деген тыныс белгісі ";" деген тыныс белгісімен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 3) және 4) тармақшалармен толықтырылсын:

"3) осы Заңның 5-бабының 1-тармағының 3) тармақшасында көзделген жағдайларда көлік құралының мемлекеттік тіркелуінің алдындағы мерзімге, бірақ бестен кем емес күнтізбелік күнге;

4) көлік құралы Қазақстан Республикасының аумағына уақытша енген жағдайда уақытша енген бүкіл кезеңге, бірақ бестен кем емес күнтізбелік күнге жасалады.";

5—тармақта "Көлік" деген сөз "Басқа мемлекетте тіркелген көлік" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 16 - бапта :

1 - тармақ :

3) тармақшада "денсаулығына және (немесе)" деген сөздер алынып тасталсын; мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

"5-1) көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындаған мәселелерді реттеу үшін сақтандыру омбудсманға өтініш жасауға;"

2-тармақтың 3) тармақшасының бірінші сөйлемі "сақтандырушыға" деген сөздің алдынан "көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасқан" деген сөздермен толықтырылсын;

14) 17-баптың 2-тармағының 6) тармақшасы "мерзімде" деген сөзден кейін "және тәртіпте" деген сөздермен толықтырылсын;

15) 18 - бапта :

1 - тармақ :

3) тармақшада "денсаулығына және (немесе)" деген сөздер алынып тасталсын; мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) кез келген медициналық мекеменің қызметін пайдалануға;"

мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

"5-1) көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындаған мәселелерді реттеу үшін сақтандыру омбудсманға өтініш жасауға;"

16) мынадай мазмұндағы 18-1 және 18-2-баптармен толықтырылсын:

"18-1-бап. Тәуелсіз сарапшының құқықтары мен міндеттері

1. Тәуелсіз сарапшы :

1) мүлкіне зиян келтірілген пайда алушыдан бағалауды жүргізген кезде зақымдалған мүлікке қол жеткізуді қамтамасыз етуді талап етуге;

2) мүлкіне зиян келтірілген пайда алушыдан бағалауды жүргізу үшін қажетті түсініктемелер мен қосымша мәліметтер алуға;

3) қажеттілігіне қарай шарт негізінде бағалауды жүргізуге қатысуға бағалаушыларды не басқа мамандарды тартуға;

4) үшінші тұлғалардан мемлекеттік, коммерциялық және өзге де заңмен қорғалатын құпия болып табылатын мәліметтерді қоспағанда, бағалауды жүргізу үшін қажетті ақпаратты жазбаша немесе ауызша нысанда сұратуға құқылы.

Егер көрсетілген ақпаратты беруден бас тарту бағалау қорытындыларының

шынайлығына ықпал етсе, бағалаушы ол туралы есебінде көрсетеді.

2. Тәуелсіз сарапшы:

1) көлік құралын бағалауды жүзеге асырған кезде көлік құралдарын бағалау әдістемесін реттейтін уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінің талаптарын пайдалануға және сақтауға;

2) сақтанушы не пайда алушы немесе олардың өкілдері дербес өтініш жасаған кезде көлік оқиғасы тараптарынан жазбаша нысанда көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы шарттарының болуы туралы ақпаратты сұратуға, сондай-ақ сақтандырушыны хабардар етуге және бағалауды жүргізгенде сақтандырушыларға қатысу мүмкіндігін беруге;

3) пайда алушы зақымдалған мүлікке қол жеткізуін берген сәттен бастап жеті жұмыс күн ішінде зақымдалған мүліктің бағалауын жүргізуге;

4) пайда алушыға және сақтандырушыға бағалау туралы есебін үш жұмыс күн ішінде жіберуге;

5) осы Заңның 18-1-бабының 1-тармағында көзделген іс-шараларын жүзеге асыруға кедергі болатын объективті жағдайлардың туындауы салдарынан бағалауды жүргізуге мүмкіндіктің жоғы туралы пайда алушыға және сақтандырушыға үш жұмыс күн ішінде хабарлауға;

6) бағалауды жүргізу барысында пайда алушыдан, сақтанушыдан, сақтандырушыдан және үшінші тұлғалардан алынатын ақпараттың сақталуын және құпиялығын қамтамасыз етуге;

7) талап бойынша уәкілетті органмен аккредиттеу туралы куәлігін ұсынуға;

8) заңнамалық актілерімен көзделген жағдайларды қоспағанда, бағалауды жүргізу барысында пайда алушыдан, сақтандырушыдан және үшінші тұлғалардан алған құпиялы ақпаратты жария етпеуге;

9) уәкілетті органға, оның сұратуы бойынша бағалау туралы есептерінің көшірмесін беруге міндетті.

3. Осы баптың 2-тармағының 3)-5) тармақшаларымен белгіленген мерзімдер бұзылған жағдайда тәуелсіз сарапшы өтініш берушіге әрбір кешіктірілген күнге тиісті қаржы жылына белгіленген ең төменгі есептік көрсеткіштің елу пайызы мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлейді.

4. Тәуелсіз сарапшы сақтандырушының өтініші бойынша бағалауды, егер ол сақтандырушыға қатысты аффилирленген тұлға болып табылса не оның лауазымды тұлғаларымен немесе осы сақтандырушының аффилирленген тұлға-ұйыммен бағынушылықпен байланыста болса, жүзеге асыруға құқылы емес.

18-2-бап. Тәуелсіз сарапшыны аккредиттеу ережесі

1. Аккредиттеуден өту үшін өтініш беруші уәкілетті органға мынадай құжаттарды тапсырады:

1) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен белгіленген нысандағы

ө т і н і ш ;

2) мүлікті (зияткерлік меншік объектілерін, материалдық емес активтердің құнын қоспағанда) бағалау жөніндегі бағалау қызметін жүзеге асыруға лицензияның көшірмесін ;

3) өтініш берушінің жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәлігінің көшірмесін - жеке кәсіпкер үшін ;

4) заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу туралы және құрылтай құжаттарының көшірмесін ;

5) өтініш берушіні салық органында есепке алу туралы куәлігінің көшірмесін ;

б) растау құжаттарды (мүлікті (зияткерлік меншік объектілерін, материалдық емес активтердің құнын қоспағанда) бағалау жөніндегі бағалау қызметті жүзеге асыруға лицензияның көшірмесін) қоса бере отырып, уәкілетті органның нормативтік-құқықтық актісімен белгіленген нысанда, штатында мүлікті бағалау жөніндегі бағалау қызметін жүзеге асыруға лицензиялары бар кемінде екі қызметкерінің бары туралы мәліметтерді (заңды тұлғалар үшін) .

2. Заңды тұлғаның мүлікті (зияткерлік меншік объектілерін, материалдық емес активтердің құнын қоспағанда) бағалау жөніндегі бағалау қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар қызметкерлерінің құрамы өзгерген жағдайда заңды тұлға осындай өзгеріс болған күннен бастап бір ай мерзімде уәкілетті органға растау құжаттарын қоса бере отырып, жаңа қызметкерлердің тізімін береді.

3. Құжаттарды қарау және аккредиттеу туралы шешімді немесе аккредиттеуден бас тарту туралы шешімді қабылдау мерзімі өтінішті берген күннен бастап отыз күнтізбелік күннен аспау керек.

4. Аккредиттеу туралы куәлік шектеусіз қолдану мерзіміне беріледі.

5. Уәкілетті органда аккредиттеуден етуден бас тарту үшін осы баптың 1-тармағында белгіленген талаптарды орындамау негіздеме болып табылады.

6. Аккредиттеу туралы куәлігінің қолданылуы уәкілетті органмен алты ай мерзіміне дейін мынадай жағдайларда тоқтата тұрылады:

1) аккредиттеуге берілген құжаттарда шынайы емес немесе бұрмаланған деректердің болуы ;

2) екі немесе одан көп рет уақтылы бағалауды жүргізбеу және (немесе) пайда алушыға және сақтандырушыға бағалау туралы есебін жібермеу фактілерін анықтау ;

3) мүлікті (зияткерлік меншік объектілерін, материалдық емес активтердің құнын қоспағанда) бағалау жөніндегі бағалау қызметін жүзеге асыруға лицензияның қолданылуын тоқтата тұру ;

4) зақымдалған мүлікті бағалау кезінде уәкілетті органмен бекітілген әдістемені сақтамау ;

5) осы Заңның 18-1-бабының 4-тармағының талаптарына сәйкес келмеу жағдайында ;

6) Қазақстан Республикасының бағалау қызметі саласындағы заңнамасының және осы Заңның талаптарын бұзу.

7. Аккредиттеу туралы куәлігінің қолданылуы мынадай жағдайларда тоқтатылады:

1) мүлікті (зияткерлік меншік объектілерін, материалдық емес активтердің құнын қоспағанда) бағалау жөніндегі бағалау қызметін жүзеге асыруға лицензияның қолданылуының тоқтатылуы;

2) заңды тұлғаның қайта құрылуы немесе таратылуы, жеке кәсіпкердің банкроттығы;

3) аккредиттеу куәлігінің қолданылуын ерікті түрде тоқтату туралы өтініш беру;

4) аккредиттеу куәлігінің қолданылуын уәкілетті органмен тоқтата тұру себептерін жоймау;

5) бірнеше рет (соңғы он екі ай ішінде екі рет) аккредиттеу туралы куәліктің тоқтата тұрылуы.

Тұлғада тәуелсіз сарапшының аккредиттеу туралы куәлігінің қолданылуы осы баптың 5-тармағының 4) және 5) тармақшаларында көзделген негіздемелер бойынша тоқтатылған жағдайда, осы тұлға аккредиттеуден өту мақсатында екі жыл ішінде уәкілетті органға жүгінуге құқылы емес";

17) 19 - бапта:

1-тармақтың екінші бөлігі алынып тасталсын; мынадай мазмұндағы 4 - 1-тармақпен толықтырылсын:

"4-1. Көлік құралы Қазақстан Республикасының аумағына уақытша келген жағдайларда, тіркеу аумағы бойынша коэффициент 1 тең Ресей Федерациясында тіркелген көлік құралдары иелері уақытша келген жағдайларды қоспағанда, тіркеу аумағы бойынша 2,96 мөлшердегі коэффициент қолданылады.

Осы Заңның 5-бабының 1-тармағының 3) тармақшасында көзделген жағдайларға көлік құралын тіркеу аумағы бойынша коэффициенттер таралмайды.";

5-тармақтағы кесте мынадай редакцияда жазылсын:

"

р/с	Көлік құралының түрі	Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының жүйесіне басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органының нормативтік құқықтық актісіне сәйкес жіктеу	Көлік құралының түрі бойынша коэффициент мөлшері
1	2	3	4
1.	Жеңіл автомобильдер	"В" - толық массасы 3500 кг аспайтын және жүргізушінің отыратын орнынан басқа отыру орындарының саны сегізден аспайтын автомобильдер	2,09
2.	Жолаушылар орны 16-ға дейін қоса алғанда автобустар	"Д" - жолаушыларды тасымалдауға арналған және жүргізушінің отыратын орнынан басқа 8-ден астам отыратын орны бар автомобильдер	3,26
3.	Жолаушылар орны 16-дан артық автобустар	"Д" - жолаушыларды тасымалдауға арналған және жүргізушінің отыратын орнынан басқа 8-ден астам отыратын орны бар автомобильдер	3,45

4.	Жүк автомобильдері	"С" - толық массасы 3500 кг асатын жүк автомобильдері	3,98
5.	Троллейбустар, трамвайлар	Троллейбустар, трамвайлар	2,33
6.	Мотокөлік	"А" - мотоциклдер, мотороллерлер және басқа мотокөлік құралдары	1,00
7.	Тіркемелер (жартылай тіркемелер)	"Е" - көлік құралдарының В", "С" немесе "Д" категорияларына жататын тягачтармен көлік құралдарының құрамы	1,00

" ;

9-тармақ "қолданылуы кезеңінде" деген сөздерден кейін "жеке тұлғалар үшін соңғы он екі ай ішінде" деген сөздермен толықтырылсын;
мынадай мазмұндағы 9-1-тармақпен толықтырылсын:

"9-1. Осы баптың 9-тармағында көзделген коэффициенттер заңды тұлғаларға және азаматтық-құқықтық жауапкершілігі осы Заңның 11 және 12-баптардың 5-тармағында көрсетілген жағдайларда басталған тұлғаларға қолданылмайды.";

12-тармақ "қолданылуы кезеңінде" деген сөздерден кейін "жеке тұлғалар үшін соңғы он екі ай ішінде" деген сөздермен толықтырылсын;
мынадай мазмұндағы 15-тармақпен толықтырылсын:

"15. Стандартты шарт бойынша сақтандыру сыйлықақысы әр сақтандырылған бойынша есептеледі және әр сақтандырылған бойынша есептелген сақтандыру сыйлықақылардың мөлшерінің ең көп өлшеміне тең мөлшерде сақтанушының төлеуіне ж а т а д ы . " ;

1 8) 2 2 - б а п т а :

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Мүлік зақымдалған кезде келтірілген зиянның мөлшерін тәуелсіз сарапшы бағалайды .

Көлік құралына келтірілген зиянның мөлшері уәкілетті орган бекіткен нормативтік құқықтық актісіне сәйкес бағаланады.

Бағалаудың нәтижесі сақтандырушыға міндетті болып табылады.";

5-2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5-2. Сақтанушы (сақтандырылушы) не жәбірленуші (пайда алушы) немесе олардың өкілдері өтініш бергенде сақтандырушы сақтанушы (сақтандырылушы) не жәбірленуші (пайда алушы) немесе олардың өкілдері бағалау жүргізуге берген өтініші негізінде он жұмыс күні ішінде мүлікке келтірілген зиянның мөлшерін аталған тұлғалар таңдаған тәуелсіз сарапшының бағалауын өз есебінен ұйымдастырады.

Бүлінген мүлікті бағалауын ұйымдастыру мына кезеңдерді қамтиды:

1) сақтандырушы берген тәуелсіз сарапшылардың тізбесіне және олардың орналасқан орны, байланыс телефондары жөніндегі ақпаратқа сәйкес пайда алушының немесе оның өкілінің тәуелсіз сарапшыны таңдауы;

2) пайда алушымен және тәуелсіз сарапшымен келісу бойынша бағалауды жүргізу о р н ы н а й қ ы н д а у ;

3) бүлінген мүлікті қарау;

4) пайда алушыға танысу үшін бағалау жөніндегі есепті беру.

Мүлігіне зиян келтірілген пайда алушы өзі немесе сақтанушы (сақтандырылушы) бағалау жүргізуге сақтандырушыға өтініш берген күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде көлік оқиғасынан кейін қандай жағдайда болса, сол жағдайда осы мүлікті сақтауға және сақтандырушыға зақымдалған мүлікті қарауға, сондай-ақ тәуелсіз сарапшыға келтірілген зиянға бағалау жүргізуге мүмкіндік жасауға міндетті.

Өзгеше дәлелдеуге құқығы бар сақтанушы (сақтандырылушы) не жәбірленуші (пайда алушы) немесе олардың өкілдері үшін бағалаудың нәтижелері міндетті болып т а б ы л м а й д ы .

Сақтандырушының пайда алушыға тиесілі сақтандыру төлемінен бағалау жүргізуге жұмсалған өз шығыстарын ұстап қалуға құқығы жоқ."

6, 6-1-тармақтар алынып тасталсын;

19) 22-1-бап мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"Оқиғаның схемасын жасау тәртібі мен типтік нысандары Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының жүйесіне басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы органмен келісу бойынша уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде б е л г і л е н е д і . "

20) 24-баптың 6-тармағы мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Бұл ретте жерлеуге кеткен шығындарды өтеу ретінде тиісті төлем 100 АЕК аспау т и і с " ;

2 1) 2 5 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Сақтандырушыға сақтандыру төлемі туралы талапты сақтанушы (сақтандырылушы) немесе пайда алушы болып табылатын өзге тұлға пайда алушының тұрғылықты жерін, байланыс телефондарын, банктік деректемелерін (қажеттілігіне қарай), сақтандыру төлемін алу тәртібін - қолма-қол ақшамен не сақтандыру төлемін жүзеге асыруға қажетті құжаттарды қоса беріп, банк шотына аударым жасау жолымен деп көрсетіп, жазбаша нысанда қояды."

2 - т а р м а қ т а :

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) жәбірленушінің өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиян келтіру салдарынан азаматтық-құқықтық жауапкершілігі басталған тұлғаның сақтандыру полисі (оның дубликаты), ол болмаған жағдайда сақтандыру полисінің көшірмесі не аталған сақтандыру полисі бойынша мәліметтері (сақтандырушының атауы, сақтандыру полисінің нөмірі, берілген күні, сақтанушының тегі, аты, бар болса - ә к е с і н і ң а т ы) ; "

4) тармақша "құжат (көшірмесі)" деген сөздерден кейін "ол қайтыс болған жағдайда ;" деген сөздермен толықтырылсын;

4-2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4-2) осы Заңның 22-бабының 5-2-тармағында көзделген жағдайда, бағалау жүргізуге арналған өтініш;" ;

5) тармақшада ", олар болған кезде" деген сөздер алынып тасталсын; "келтірілген зиянның" деген сөздердің алдынан "осы Заңның 22-бабының 5-1-тармағында көзделген жағдайда" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақтың үшінші бөлігінде:

ресми тілдегі мәтінге өзгеріс енгізілді, мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгермейді; ресми тілдегі мәтінге өзгеріс енгізілді, мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгермейді;

"оларды" деген сөз "өтініш берушілерді" деген сөздермен ауыстырылсын;

22) 26-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Сақтандырушы сақтандыру төлемін осы Заңның 25-бабында көзделген құжаттарды алған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде төлейді.";

23) 28-баптың 1-тармағының 3) тармақшасы "адамның" деген сөзден кейін "көлік оқиғасына ұшырау сәтінде" деген сөздермен толықтырылсын;

24) 29 - бапта :

2 - тармақта :

1) тармақшада "сақтанушының" деген сөз "пайда алушының" деген сөздермен ауыстырылсын ;

2) тармақша "сақтандырушыға" деген сөзден кейін "көлік оқиғасының," деген сөздермен толықтырылсын ;

б) тармақшада "22-бабы 6-тармағының" деген сөздер "22-бабының 5-2-тармағының үшінші бөлігінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақ "Сақтандыру жағдайының" деген сөздердің алдынан "Көлік оқиғасының," деген сөздермен толықтырылсын ;

25) 30 - 1 - бапта :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Сақтандыру омбудсманы - мыналар арасында туындайтын өзара қарым-қатынастарды реттеуді жүзеге асыратын, өз қызметінде тәуелсіз жеке тұлға:

1) көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру мәселелері бойынша сақтандырушылар арасында;

2) көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттарынан туындайтын сақтанушы (пайда алушы) мен сақтандырушы арасында.";

4-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Өкілдер кеңесі сақтандыру омбудсманының өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы, оның ішінде ол осы Заңның 30-4-бабының 3 және 4-тармақтарының талаптарын бұзған жағдайда." ;

27) 30 - 3 - бапта :

1-тармақта "сақтандыру омбудсманының өкілдер кеңесінің құрамына кіретін

сақтандырушының" деген сөздер "ол дауға қатысатын тараптардың" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

4-тармақ "Сақтандырушы" деген сөзден кейін ", сақтанушы (пайда алушы)" деген сөздермен толықтырылсын ;

28) 30-4-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"30-4-бап. Сақтандыру омбудсманының қызметі

1. Сақтандыру омбудсманының қызметі, оның ішінде дауды шешу және шешімдерді қабылдау бойынша өтініштерді қарау тәртібі мен мерзімдері уәкілетті органмен келісілген және өкілдер кеңесі бекіткен ішкі ережелердің негізінде жүзеге а с ы р ы л а д ы .

2. Жүктелген функцияларды тиісінше атқару мақсатында сақтандыру омбудсманының қызметі сақтандырушылардың жарналары есебінен қаржыландырылады және өкілдер кеңесінің келісімі бойынша құрылымды және штатты (сақтандыру омбудсманының кеңсесін) құруға құқылы.

3. Сақтандыру омбудсманы дауды шешу барысында алынған ақпаратқа қатысты құпиялықты сақтауға және оны үшінші тұлғаларға жарияламауға міндетті.

4. Осы Заңның 30-1-бабының 1-тармағында көзделген жағдайларда өзара қарым-қатынастарды реттеуді сақтандыру омбудсманы өтеусіз негізде жүзеге асырады.
"

29) мынадай мазмұндағы 32-баппен толықтырылсын:

"32-бап. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандырудың халықаралық жүйелері

Трансшекаралық қозғалысқа қатысатын көлік құралы иелері үшінші тұлғаларға келтірген зиянды өтеуді қамтамасыз ету, сондай-ақ мемлекеттік шекара арқылы көлік құралы иелерінің қозғалыс режимін жеңілдету мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіпте көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандырудың халықаралық жүйелерінде Қазақстан Республикасының қатысуына жол беріледі.

Аталған халықаралық жүйелерінің аясында Қазақстан Республикасының аумағында уақытша қолданылатын көлік құралдары иелерінің азаматтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру жүзеге асырылатын талаптар осы Заңға сәйкес жүзеге асырылатын көлік құралдары иелерінің азаматтық жауапкершілігін міндетті сақтандырудың талаптарымен салыстырғанда Қазақстан Республикасындағы жәбірленушілердің жағдайларын нашарлатпауы тиіс".

11. "Туроператордың және турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 31 желтоқсандағы Заңы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 24, 179-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат; N 3, 22-құжат; 2007 ж., N 8, 52-құжат):

7-1-баптың 1-тармағында "қатысушысы" деген сөз "акционері" деген сөзбен

а у ы с т ы р ы л с ы н ;

12. "Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы" 2004 жылғы 10 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., N 5, 26-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат; N 3, 22-құжат; N 16, 100 - құжат) :

1) 1 - б а п т а :

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) агент - өзінің құзыреті шегінде өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруды қолдау үшін бөлінген қаражатты басқару бойынша өкілеттілікті жүзеге асыратын, жалғыз акционері болып агроөнеркәсіп кешенінің саласындағы ұлттық холдинг табылатын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған акционерлік қоғам ; "

мынадай мазмұндағы 3-2) тармақшамен толықтырылсын:

"3-2) егістің ішінара жойылуы - егіске қолайсыз табиғат құбылыстары әсерінің салдары, мұндай жағдайда бір гектардан өсімдік шаруашылығының өнім түрін өндірудегі болжамдалған кіріс міндетті сақтандыру шартын жасасу сәтінде белгіленген бір гектардағы өсімдік шаруашылығының өнім түрін өндірудегі шығындар нормативінің мөлшерінен кем ; "

2) 5 - б а п т ы ң 3 - т а р м а ғ ы н д а :

2) тармақша "жүзеге асыру үшін" деген сөздерден кейін "өсімдік шаруашылығы саласында уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша" деген сөздермен толықтырылсын ;

3) тармақша "егіс" деген сөзден кейін "және жинау" деген сөздермен толықтырылсын ;

3) 5 - 1 - б а п т а :

2) және 3) тармақшалар алынып тасталсын;

екінші бөлігіндегі "бір рет" деген сөздер "екі рет" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 5-2-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Сақтандыру ұйымы ретінде тіркелген, заңды тұлғада өсімдік шаруашылығында міндетті сақтандыруды жүзеге асыру құдығына лицензия алғанға дейін астанада, республикалық, облыстық және аудандық маңызы бар қалаларда филиалдарының және (немесе) сақтандыру агенттерінің болуы міндетті.;"

5) 6-бап "сақтандыру жағдайларына" деген сөздерден кейін "зерттеу актісіне сәйкес" деген сөздермен толықтырылсын ;

6) 7-баптың 2-тармағының 3) тармақшасындағы "ғылыми негізделген немесе оңайлатылған агротехнология шығындарының" деген сөздер "шығындардың" деген сөздермен ауыстырылсын ;

7) 9 - б а п т а :

2 - т а р м а қ :

мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"Комиссия сақтандырушы өтініш берген егістің алқабын өсімдік шаруашылығы саласындағы уәкілеттік мемлекеттік орган бекіткен апатқа ұшыраған егістің алқабын анықтау әдісі бойынша зерттейді және зерттеудің нәтижесі бойынша өсімдік шаруашылығындағы өнімнің апатқа ұшырау деңгейін анықтайды: толық немесе і ш і н а р а . " ;

бесінші бөлік мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Зерттеу актісі, комиссия мүшелерінің үштен екі бөлігінің қолы бар болғанда, қабылданды деп саналады."

алтыншы бөліктің бірінші сөйлемі "жинау кезінде" деген сөздерден кейін "қолайсыз табиғат құбылысының әсеріне ұшыраған егіс алқаптарының көлемін анықтау үшін құрылған комиссияның қатысуымен" деген сөздермен толықтырылсын;

6 - т а р м а қ т а :

бірінші бөлігіндегі "он" деген сөз "он бес" деген сөздермен ауыстырылсын; екінші бөлігі алынып тасталсын;

8) 1 0 - б а п т а :

2-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"жер телімі орналасу орны бойынша облыстың (республикалық маңызы бар қаланың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) уәкілетті органы берген ауылшаруашылық мақсаттағы жер телімі паспортының көшірмесі";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Құжаттарды қабылдаған сақтандырушы құжаттардың толық тізбесін және олардың қабылданған күнін көрсете отырып, екі данада анықтаманы жасауға міндетті. Анықтаманың бір данасы өтініш берушіге беріледі, екінші данасы өтініш берушінің оны алғаны туралы белгісімен сақтандырушыда қалады.

Сақтанушы осы баптың 2-тармағында көзделген барлық құжаттарды бермеген жағдайда, сақтандырушы үш жұмыс күні ішінде оларды жетіспейтін құжаттар туралы жазбаша хабардар етуге міндетті.";

9) 13-баптың 2-тармағының екінші абзацындағы "нотариат куәландырған" деген сөздер алынып тасталсын.

13. "Қызметкер еңбек (қызмет) міндеттерін атқарған кезде оның өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" 2005 жылғы 7 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2005 ж., N 3 - 4 , 2 - құ ж а т) :

1) атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қызметкер еңбек (қызмет) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы";

2) мәтін бойынша "оның өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс

берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін", "жұмыс берушінің жауапкершілігін" деген сөздер "оны жазатайым оқиғалардан", "қызметкерді жазатайым оқиғалардан" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар
Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) аннуитет шарты - сақтандырушыны шартта белгіленген мерзім ішінде пайда алушының пайдасына мерзімді төлемдер түрінде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндетті ететін сақтандыру шарты;

2) еңбек (қызмет) міндеттерін атқару кезіндегі жазатайым оқиға (бұдан әрі - жазатайым оқиға) - салдарынан қызметкердің өндірістік жарақаты, кенеттен денсаулығы нашарлауы немесе улануы болған, оған кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айрылу дәрежесін, кәсіптік ауруды не өлімді белгілеуге оны әкелген, қызметкер (қызметкерлер) еңбек (қызмет) міндеттерін атқарған кезде зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік фактордың нәтижесінде онымен (олармен) болған оқиға;

3) зиянды өндірістік фактор - әсер етуі қызметкердің кәсіптік ауруға ұшырауына немесе кәсіптік еңбекке қабілеттілігінің төмендеуіне әкеп соқтыруы мүмкін өндірістік ф а к т о р ;

4) кәсіптік ауру - қызметкердің өз еңбек (қызмет) міндеттерін атқаруына байланысты қызметкерге зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың әсер етуінен туындаған созылмалы немесе қатты ауру;

5) кәсіптік еңбекке қабілеттілік - қызметкердің белгілі бір біліктіліктегі, көлемдегі және сападағы жұмысты атқару қабілеті;

6) кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айрылу дәрежесі - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалатын сақтандыру жағдайы басталғаннан кейін қызметкердің еңбек (қызмет) міндеттерін атқару қабілетінің төмендеу деңгейі;

7) кәсіптік тәуекел сыныбы - өндірістік жарақаттанудың және кәсіптік аурулардың экономикалық қызмет түрлері бойынша қалыптасқан деңгейі;

8) қауіпті өндірістік фактор - әсер етуі қызметкердің кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айрылу дәрежесін белгілеуіне (еңбекте мертігуіне немесе кәсіптік ауруына) немесе өліміне әкеп соқтыруы мүмкін өндірістік фактор;

9) қызметкерді жазатайым оқиғалардан сақтандыру - еңбек (қызмет) міндеттерін атқарған кезде өмірі мен денсаулығына зиян келтірілген қызметкердің мүліктік мүддесін қорғау бойынша қарым-қатынас кешені;

10) пайда алушы - осы Заңға сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын т ұ л ғ а ;

11) сақтандырушы - Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағында "өмірді сақтандыру" саласында аннуиттеттік сақтандыру сыныбы бойынша және міндетті сақтандырудың осы түрі

бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия алған заңды тұлға;

12) сақтанушы - қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шартын ж а с қ а н жұ м ы с б е р у ш і ;

13) сақтандыру жағдайы - қызметкерлерді осы Заңның 16-1-бабында көзделген жағдайларда болған жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шартының қолданыс кезеңінде жазатайым оқиғасы басталу салдарынан қызметкерге (қызметкерлерге) кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айыру дәрежесін немесе оның (олардың) өлімі болуын б е л г і л е у ф а к т і с і ;

14) сақтандыру сомасы - сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін а қ ш а с о м а с ы ;

15) сақтандыру сыйлықақысы - сақтанушының сақтандырушыға, соңғысы пайда алушыға сақтандыру төлемін қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде жүргізуге міндеттемелер қабылдағаны үшін төлеуге м і н д е т т і а қ ш а с о м а с ы ;

16) сақтандыру төлемі - сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушының пайда алушыға сақтандыру сомасының шегінде төлейтін ақша сомасы;

17) уәкілетті орган - берілген өкілеттіктері шегінде еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты үйлестіру мен іске асыруды жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.";

4) 2-баптың 2 және 3-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы Заң мемлекеттік мекемелердің қызметкерін еңбек (қызмет) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан сақтандыруды реттемейді.

3. Жұмыс берушінің қызметкер еңбек (қызмет) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру шартын жасасуы оны қызметкер еңбек (қызмет) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шартын ж а с а с у д а н б о с а т п а й д ы .";

5) 5-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Міндетті сақтандырудың объектісі болып жазатайым оқиғасы салдарынан өмірі мен денсаулығына зиян келтірілген қызметкердің мүліктік мүддесі табылады."

6) 6-1-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Сақтандыру ұйымы ретінде тіркелген заңды тұлғада қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыруды жүзеге асыру құқығына лицензия алғанға дейін астанада, республикалық, облыстық және аудандық маңызы бар қалаларда филиалдары және (немесе) сақтандыру агенттері болуға міндетті.";

7) 7-бап алынып тасталсын;

8) 8-баптың 2-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"сақтандырушымен қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру ш а р т ы н ж а с а с у ғ а " ;

15) тармақшасы "пайдасына" деген сөзден кейін "қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасы шегінде" деген сөздермен толықтырылсын;

9) 9 - б а п т а :

2 - т а р м а қ т а :

3) тармақшада "төлемдерін" деген сөзден кейін "және жерлеуге жұмсалған шығыстарды өтеуді" деген сөздермен толықтырылсын;

5) тармақшада "пайда алушыға" деген сөздерден кейін "өтінішті және осы Заңның 20-бабының 2-тармағында көзделген барлық құжаттарды алған күннен бастап, жеті жұмыс күні ішінде" деген сөздермен толықтырылсын;

7) тармақша алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 8-1) тармақшамен толықтырылсын:

"8-1) осы Заңмен көзделген жағдайларда қызметкерді жазатайым оқиғадан міндетті сақтандыру шартымен белгіленген сақтандыру сомасының шегінде қызметкердің қайтыс болуына байланысты зиянды өтетуге құқығы бар қызметкердің немесе тұлғаның пайдасына аннуитет шартын жасауға міндетті.";

10) 11-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шарты аннуитеттік сақтандыру сыныбы және міндетті сақтандырудың осы түрі бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар сақтандырушымен ғана жасалуы тиіс "

11) 13-баптың 2-тармағында "сақтандыру жағдайлары" деген сөздер "жазатайым оқиғалар" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 16-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Сақтандыру сомасы осы Заңның 19-бабына сәйкес анықталған сақтандыру төлемі (сақтандыру төлемдері) мөлшерінің сомасына кемиді.";

13) мынадай мазмұндағы 16-1-баппен толықтырылсын:

"16-1-бап. Сақтандыру жағдайлары

Ж а з а т а й ы м о қ и ғ а , е г е р :

1) жұмыс орнын, өндіріс құралдарын, жеке қорғану құралдарын және еңбек (қызмет) міндеттерін орындаумен байланысты басқа құрал-жабдықтарын дайындау немесе тәртіпке келтіру барысында жұмыс уақыты басталардан бұрын немесе аяқталуы б о й ы н ш а ;

2) жұмыс уақыты кезінде жұмыс орнында немесе іссапар уақытында не жұмыс берушінің немесе жұмысты ұйымдастырушының тапсырмасына байланысты еңбек немесе өзге міндеттерін орындаумен байланысты болған басқа орында;

3) қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың ықпал етуі нәтижесінде;

4) жұмыс уақытында, қызметі қызмет көрсету объектілерінің арасындағы қозғалысқа байланысты қызметкердің жұмыс берушінің тапсырмасы бойынша жұмыс

орнына бара жатқан жолда;

5) қызметкердің еңбек (қызмет) міндеттерін орындау барысындағы жұмыс берушінің көлігінде;

6) жұмыс берушінің көлікті қызметтік сапарларға пайдалану құқығына жазбаша келісімі бар жеке көлігінде;

7) жұмыс берушінің өкімі бойынша өзінің немесе басқа ұйымның аумағында болған кезеңінде, сондай-ақ жұмыс берушінің мүлкін қорғау барысында не жұмыс берушінің мүддесін қорғап, өз бастамасы бойынша өзге іс-әрекеттерді жасаған кезде;

8) қызметкердің жұмыс орнында немесе іссапар уақытында оған дене жарақаттарын салған не қызметкерді еңбек немесе қызметтік міндеттерін орындау барысында қасақана өлтірген кезде;

9) жұмысқа бара жатқан не жұмыстан келе жатқан жолда екі сағат ішінде орын алса сақтандыру жағдайы болып танылады.";

14) мынадай мазмұндағы 17-1-баппен толықтырылсын:

"17-1-бап. Сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін ұлғайту

Сақтандырушы осы Заңның 17-бабына сәйкес есептелген сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандырудың бұрынғы шартының қолданылу кезеңі ішінде екі немесе одан астам қызметкерлердің қатысуымен сақтандыру жағдайы (сақтандыру жағдайлары) болған кезде елу процентке дейін ұлғайтуға міндетті.

Осы баптың қолданылуы осы Заңның 16-1-бабының 6)-9) тармақшаларында көрсетілген сақтандыру жағдайларына таралмайды.";

15) 19-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"19-бап. Зиян мөлшерін анықтау тәртібі. Қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемі

1. Қызметкердің қайтыс болуына немесе оған кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айрылу дәрежесінің белгіленуіне байланысты жалақыдан (кірістен) айрылуына байланысты зиянның мөлшері Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің талаптарына сәйкес айқындалады.

2. Қызметкерге бір жылдан аспайтын немесе одан астам мерзімге кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айрылу дәрежесі белгіленген жағдайда, оның денсаулығының зақымдануынан туындаған шығыстардың, сондай-ақ қызметкерді жерлеуге жұмсалған шығыстардың мөлшерін сақтандырушы осы шығыстарды растайтын құжаттардың негізінде айқындайды.

Жерлеуге жұмсалатын шығыстарды өтеу ретіндегі тиесілі төлем 100 айлық есептік көрсеткіштен аспауға тиіс.

3. Денсаулықтың зақымдануынан туындаған шығыстарды өтеу жөніндегі сақтандыру төлемін сақтандырушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

ресімделген құжаттардың негізінде кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айрылу дәрежесінің белгіленгенін растайтын құжатты ұсынған сәттен бастап, жеті жұмыс күні і ш і н д е т ө л е й д і .

Осы тармақта көзделген жағдайларда сақтандыру төлемін алушы жәбірленуші қызметкер болып табылады.

4. Жерлеуге жұмсалған шығындарды шеккен тұлға қызметкерді жерлеуге жұмсалған шығыстарды өтеу бойынша төлемді алушы болып табылады.

5. Қызметкердің кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айрылу дәрежесін белгілеуге байланысты оның жалақысынан (кірісінен) айрылуына байланысты зиянды өтеу ретінде тиесілі сақтандыру төлемі осы Заңның 23-бабына сәйкес пайда алушымен жасалған аннуитет шартына сәйкес қызметкердің кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айрылу дәрежесін белгілеу не ұзарту (қайта куәландыру) мерзіміне теңдей мерзім ішінде қызметкердің пайдасына кезеңдік төлемдер түрінде жүзеге асырылады.

Қызметкердің қайтыс болуына байланысты зиянды өтеу жөніндегі сақтандыру төлемі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен белгіленген мерзім ішінде Қазақстан Республикасының заңына сәйкес зиянды өтету құқығы бар тұлғалардың пайдасына кезеңдік төлемдер төлеу түрінде жүзеге асырылады. Осы Заңмен көзделген жағдайларда сақтандыру төлемін алу құқығына пайда алушылар ретінде есептелетін өзге тұлғалар ие болады.

6. Осы бапқа сәйкес анықталған сақтандыру төлемінің (сақтандыру төлемдерінің) мөлшері қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шартымен белгіленген сақтандыру сомасының мөлшерінен асып кеткен жағдайда, айырмасы сақтанушы есебінен сақтандырушыға өтеледі.

7. Сақтандыру төлемін аударым жасаумен байланысты шығыстар сақтандырушы есебінен жүргізіледі. " ;

16) 20-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"20-бап. Сақтандыру төлемін жүзеге асырудың жалпы талаптары

1. Сақтандырушыға сақтандыру төлемі туралы талапты сақтанушы немесе пайда алушы болып табылатын өзге тұлға тұрғылықты орнын, пайда алушының байланыс телефондарын, банктік деректемелерін (қажет болғанда), сақтандыру төлемін қолма-қол ақшамен не банктік шотқа аударым жасау арқылы алу тәртібін көрсете отырып, сақтандыру төлемін жүзеге асыруға қажетті құжаттарды қоса тіркеп, жазбаша нысанда ұсынады.

2. Сақтандыру төлемі туралы өтінішке мынадай құжаттар қоса тіркеледі:

1) кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айрылу дәрежесін белгілеген жағдайда:

сақтандыру шартының көшірмесі;

жазатайым оқиға туралы акт;

салық төлеушінің тіркеу нөмірін немесе жәбірленуші қызметкердің жеке сәйкестендіру нөмірін растайтын құжаттың көшірмесі;

уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің еңбекке қабілеттіліктен айрылуды белгілеу туралы анықтамасының көшірмесі;
кәсіптік аурудың болуын растайтын құжаттың көшірмесі;
жәбірленуші қызметкердің ол жұмыс істеген, бірақ жұмыс берушімен куәландырылған он екі айдан астам емес кезеңдегі жалақысының мөлшерін растайтын құжаттың көшірмесі;

2) қызметкер қайтыс болған жағдайда:
сақтандыру шартының көшірмесі;
жазатайым оқиға туралы акт;

қызметкердің қайтыс болғаны туралы куәліктің нотариатта куәландырылған көшірмесі;

қызметкер қайтыс болған жағдайда зиянды өтетуге пайда алушының құқығын растайтын құжаттың нотариатта куәландырылған көшірмесі;

пайда алушының жеке басы куәлігінің көшірмесі;
салық төлеушінің тіркеу нөмірін немесе пайда алушының жеке сәйкестендіру нөмірін растайтын құжаттың көшірмесі;

қайтыс болған қызметкердің жұмыс істеген, бірақ жұмыс берушімен куәландырылған он екі айдан астам емес кезеңдегі жалақысының мөлшерін растайтын құжаттың көшірмесі;

3) сақтанушының сақтандыру жағдайы басталған кезде залалды болғызбау немесе азайту мақсатында шеккен шығыстарын, олар болған жағдайда, растайтын құжаттар;

Сақтандырушының сақтанушыдан не пайда алушыдан қосымша басқа құжаттарды талап етуіне жол берілмейді.

3. Құжаттарды қабылдаған сақтандырушы өтініш беруші табыс еткен құжаттардың толық тізбесін және олар қабылданған күнді көрсете отырып, екі данада анықтама жасауға міндетті.

Анықтаманың бір данасы өтініш берушіге беріледі, өтініш берушінің оны алғаны туралы белгісі бар екінші данасы сақтандырушыда қалады.

Сақтанушы немесе пайда алушы болып табылатын өзге тұлға осы баптың 2-тармағымен көзделген барлық құжаттарды табыс етпеген жағдайда, сақтандырушы үш жұмыс күні ішінде оларды жетіспейтін құжаттар туралы жазбаша хабарлауға міндетті.

4. Зардап шеккен қызметкер (ал ол қайтыс болған жағдайда қызметкердің қайтыс болуына байланысты Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес зиянды өтетуге құқық алған тұлға), сондай-ақ келтірілген зиянды сақтандырушының осы Заңда белгіленген жауапкершілігі көлемінің шегінде пайда алушыға өтеген және сақтандыру төлеміне құқық алған сақтанушы немесе өзге тұлға пайда алушы болып табылады.

5. Сақтандыру төлемі пайда алушының жазбаша ресімделген өтініші немесе нотариалды куәландырылған сенімхат бойынша денсаулығын қалпына келтіру жөнінде оған қызмет көрсеткен (көрсететін) тұлғаға тікелей төленуі мүмкін.

6. Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асыру кезінде пайда алушыдан оның сақтандырушыға талап қою құқығын шектейтін шарттар қабылдауын талап етуге құқылы емес";

17) 21-баптың 1-тармағы 1) тармақшасында "сақтанушының жауапкершілігі, оның" деген сөздер "сақтанушының" деген сөзбен ауыстырылсын;

"іс-әрекеттері салдарынан басталғанда" деген сөздер "іс-әрекеттерді жасағанда" деген сөздермен ауыстырылсын;

18) 23 - бапта :

1 - тармақта :

"бір жыл және одан астам мерзімге" деген сөздер алынып тасталсын;

"7" деген цифр "5" деген цифрмен ауыстырылсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы Заңның 20-бабының 2-тармағымен көзделген құжаттарды ұсынған күннен бастап, он бес күнтізбелік күннен кешіктірілмей аннуитет шарты жасалады.";

мынадай мазмұндағы 4 және 5-тармақтармен толықтырылсын:

"4. Аннуитет шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысы пайда алушыға төленуге жатпайды .

5. Аннуитеттің типтік шартына қойылатын талаптар және сақтандырушының аннуитеттің жасалатын шарттары бойынша істерді жүргізуге шығыстарының рұқсат етілетін деңгейі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен белгіленеді."

14. "Жеке кәсіпкерлік туралы" 2006 жылғы 31 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2006 ж., N 3, 21-құжат; N 16, 99-құжат; N 23, 141-құжат; 2007 ж., N 2, 18-құжат; N 3, 20-құжат; N 17 , 136 - құжат) :

қосымшаның 15-тармағының 2) тармақшасында "жұмыс берушінің қызметкердің өмірі мен денсаулығына олардың еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезінде нұқсан келтіргені үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілігін" деген сөздер "қызметкердің еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезінде оны жазатайым оқиғалардан" деген сөздермен ауыстырылсын.

15. "Өзара сақтандыру туралы" 2006 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2006 ж., N 13 , 84 - құжат) :

1) 2 - баптың 3 - тармағында :

"Сақтандыру қызметі туралы" және "Тұтыну кооперативі туралы" Қазақстан Республикасының заңдары" деген сөздер "Тұтыну кооперативі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы" деген сөздермен ауыстырылсын;

ресми тілдегі мәтінге өзгеріс енгізілді, мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгермейді;

2) 4-баптың 4-тармағында "Қызметі лицензиялануға жатпайтын қоғам" деген сөздер "Қоғам" деген сөзбен ауыстырылсын;

3) 5 - б а п т а :

атауында "қызметі лицензиялануға жатпайтын" деген сөздер алынып тасталсын;

2 - т а р м а қ а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

4) 6-бап мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Егер қоғам өзара сақтандырудың бір ғана түрін жүзеге асыратын жағдайда, онда оның атауында сақтандырудың осы түрі көрсетілуі тиіс";

5) 7-баптың атауында "Қызметі лицензиялануға жатпайтын қоғамды" деген сөздер "Қоғамды" деген сөзбен ауыстырылсын;

6) 8 - б а п т а :

2-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қоғамның құрылтай шартында:

3-тармақтың 2) тармақшасында "субсидиарлық" деген сөз "ортақ" деген сөзбен ауыстырылсын ;

7) 10-бап мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Қоғам осы Заңмен көзделген тең құқықтарды қоғамның барлық мүшелері үшін беруге міндетті." ;

8) 12-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"12-бап. Қоғамды қайта ұйымдастыру немесе тарату Қоғамды қайта ұйымдастыру немесе тарату Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады." ;

9) 13-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"13-бап. Өзара сақтандыру қызметін жүзеге асыру талаптары

1. Өзара сақтандыру қызметі лицензиялауға жатпайды.

2. Қоғам мынадай қызметті жүзеге асыруға құқылы емес:

1) азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру бойынша;

2) өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруды қоспағанда, міндетті сақтандыру түрлері бойынша.

3. Жыл соңында қоғам мүшелерінің өзара сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының мөлшері қатарынан үш жыл ішінде жүз елу мың айлық есептік көрсеткіштерден асатын болса, қоғам сақтандыру ұйымы болып қайта құрылуы міндетті. Қоғам сақтандыру ұйымы болып қайта құрылғаннан кейін отыз жұмыс күні ішінде қоғам мүшелерімен жасалған өзара сақтандыру шарттары бұзылуы тиіс және жаңадан құрылған сақтандыру ұйымымен сақтандыру шарттары өзара сақтандыру шарттарының талаптарымен жасалуы тиіс";

1 0) 1 4 - б а п т а :

баптың атауында "Қызметі лицензиялануға жатпайтын қоғамның" деген сөздер "Қоғамның" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақта "лицензиясыз" деген сөз алынып тасталсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Өзара сақтандыру жүзеге асырылатын жалпы шарттар Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 825-1-бабының талаптарына сәйкес келетін өзара сақтандыру ережесінде анықталады.

Өзара сақтандыру ережесі қоғам мүшелерінің жалпы жиналысымен бекітіледі."; мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Өзара сақтандыру ережесі қоғам мүшелігіне кандидаттармен таныстыру үшін ұ с ы н ы л у ы т и і с " ;

1 1) 1 5 - б а п т а :

1-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) қоғамның жарғысында көзделген тәртіппен инвестициялық қызметті;"

4-тармақта "біріккен" деген сөзден кейін "не кірген" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

12) 16-баптың 1-тармағында "онда тізбесін Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасына сәйкес уәкілетті орган белгілейтін рейтингтік агенттіктердің белгілі бір рейтингі болса, " деген сөздер алынып тасталсын;

13) мынадай мазмұндағы 22-1-баппен толықтырылсын:

"22-1-бап. Қоғамның қаржылық есептілігі

1. Қоғам бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына, қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес өздері жүргізетін операцияларды есептеуді жүзеге асырады.

2. Қоғамның қаржылық есептілігінің тізбесі, нысандары, мерзімдері және ұсыну тәртібі уәкілетті органмен келісілу бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Б а н к і м е н б е л г і л е н е д і .

Өзге есептіліктің тізбесі, нысандары, мерзімдері және ұсыну тәртібі уәкілетті о р г а н м е н б е л г і л е н е д і .

3. Қоғам қаржылық есептіліктің жыл сайынғы аудитін жүргізеді және оның нәтижелерін қоғам мүшелерінің жалпы жиналысына қарауға ұсынады.";

1 4) 2 3 - б а п т а :

2-тармақта "Қызметі уәкілетті органның лицензиялауына жатпайтын қоғам" деген сөздер "Қоғам" деген сөзбен ауыстырылсын;

3 - т а р м а қ а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

15) 24-баптың атауында "Қызметі лицензиялануға жатпайтын қоғамның" деген сөздер "Қоғамның" деген сөзбен ауыстырылсын;

16. "Лицензиялау туралы" 2007 жылғы 11 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., N 2, 10-құжат):

32-баптың 5) тармақшасының тоғызыншы абзацында "оның өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін" деген сөздер "оны жазатайым оқиғалардан" деген сөздермен ауыстырылсын.

2 - б а п .

1. Осы Заң оны ресми жариялаған күннен бастап, он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі, мыналарды қоспағанда:

1) 2012 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілетін осы Заңның 1-бабының 6-тармағының 13) тармақшасын;

2) 2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілетін осы Заңның 1-бабының 10-тармағының 9) тармақшасының төртінші абзацын;

3) осы Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізілетін осы Заңның 1-бабының 13-тармағын.

2. Қызметкер еңбек (қызмет) міндеттерін атқарған кезде оның өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруды жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар сақтандыру ұйымдарына осы баптың 1-тармағының 3) тармақшасымен белгіленген мерзім өткеннен кейін қызметкер еңбек (қызмет) міндеттерін атқарған кезде оның өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандырудың қолданыстағы шарттарын ұзартуды қоса алғанда, қызметкер еңбек (қызмет) міндеттерін атқарған кезде оның өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандырудың жаңа шарттарын жасауға тыйым салынады.

Қызметкер еңбек (қызмет) міндеттерін атқарған кезде оның өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандырудың бұрын жасалған шарттары бойынша сақтандыру ұйымы олардың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін өзіне қабылдаған міндеттемелерді орындауға м і н д е т т і .

3. 2012 жылғы 1 қаңтарға дейінгі мерзімде осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін актуарлық қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар актуарий осы Заңның 1-бабының 6-тармағының 11) тармақшасының төртінші абзацының талабын орындауы міндетті. Көрсетілген талапты орындамаған жағдайда уәкілетті орган олар осы Заңның 1-бабының 6-тармағының 11) тармақшасының төртінші абзацы талаптарын орындағанға дейін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен көзделген тәртіппен актуарлық қызметті жүзеге асыруға берілген лицензияның қолданысын тоқтата тұруға қ ұ қ ы л ы .

4. 2010 жылғы 1 қаңтарға дейінгі мерзімде көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруды жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар сақтандыру ұйымдары өз қызметін осы Заңның 1-бабының 10-тармағы 9) тармақшасының төртінші абзацы талаптарына сәйкес келтіруге міндетті. Көрсетілген талапты орындамаған жағдайда уәкілетті орган оларды көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруды жүзеге асыру құқығына берілген лицензиядан айыруға құқылы.

5. Осы Заңның 1-бабының 10-тармағының 17) тармақшасының тоғызыншы абзацының қолданысы 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап жасалған көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттарына т а р а л а д ы .

6. Осы Заңның 1-бабының 10-тармағының 20) тармақшасының, 24) тармақшасының төртінші және алтыншы абзацтарының қолданысы бұрын жасалған көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттарына т а р а л м а й д ы .

Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруды жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар сақтандыру ұйымдары үш ай ішінде заңды тұлғаларға және "Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 1 шілдедегі Заңының 11 және 12 баптарының 5-тармақтарында көрсетілген тұлғаларға артық төленген соманы қайтаруы керек.

Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруды жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар сақтандыру ұйымы осы тармақ талаптарын орындамаған жағдайда, уәкілетті орган оны Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген тәртіппен көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруды жүзеге асыру құқығына берілген лицензиядан а й ы р у ғ а қ ұ қ ы л ы .

7. Осы Заңның 1-бабының 10-тармағының 18), 21) және 22) тармақшаларының, 24) тармақшасының үшінші және бесінші абзацтарының және 12-тармақтың 7) тармақшасының алтыншы абзацын, 8) тармақшасының үшінші абзацының қолданысы осы Заңның қолданысқа енгізілгеннен кейін болған сақтандыру жағдайларына қатысты т а р а л а д ы .

8. Сақтандырудың міндетті түрлері бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар, ол бойынша Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен акционерлер есебінде Қорға қатысу міндеттілігі көзделген сақтандыру ұйымдарының осы Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап алты ай ішінде " Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының акцияларын с а т ы п а л у ы м і н д е т т і .

Сақтандырудың міндетті түрлері бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар, ол бойынша Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен акционерлер есебінде Қорға қатысу міндеттілігі көзделген сақтандыру ұйымдары осы тармақтың талаптарын орындамаған жағдайда, уәкілетті орган оларды Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген тәртіппен сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензиясынан айыруға құқылы.

9. Осы Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап, туроператордың және турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруды жүзеге асыру құқығына

лицензиясы бар сақтандыру ұйымдары міндетті сақтандырудың осы түрі сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру жүйесіне енгізілген сәттен бастап, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен көзделген тәртіппен міндетті жарналарды төлеуге және шартты міндеттемелерді қалыптастыруға міндетті.

Осы Заң қолданысқа енгізілген сәтке дейін төленуге жататын міндетті жарналардың жалпы сомасын тuroператордың және турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруды жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар сақтандыру ұйымдары бір мезгілде төлейді.

Тuroператордың және турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруды жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар сақтандыру ұйымы осы тармақтың талаптарын орындамаған жағдайда, уәкілетті орган оны Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген тәртіппен тuroператордың және турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруды жүзеге асыру құқығына берілген лицензиядан айыруға құқылы.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті